«Асық ойыны»	Тәрбие сағаты
«Қазақтың ұлттық спорт түрлері мен ойындары»	Спорттық жарыстар
«Көңілді мәре»	Спорттық жарыстар
«Тазалық денсаулық кепілі»	Тәрбие сағаты
«Дұрыс тамақтану»	Тәрбие сағаты
«Жеке бас гигиенасы»	Сынып сағаты

2023-2024 оқу жылында жоспарланған іс-шаралар

Тәрбие жұмысының атауы	Аяқтау нысаны
Тоғыз ай, тоғыз іс-шара «Сергіту сәті»	челлендж
«Жұлдызай-2023» инклюзивті ұлттық ойындарына қатысу	спартакиада
«Асығым алшы түссе»	Тәрбие сағаты
«Салауатты өмір салты-жаман әдеттердің алдын алу»	Ата-аналарға арналған тренинг
«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы»	Тәрбиелік шара
«Денсаулықты сақтау өз қолыңда»	Дәріс
Дұрыс тамақтану-денсаулық кепілі»	Сынып сағаты
«Дені сау ұрпақ-ұлт болашағы»	Дөңгелек үстел
Спорттың ролі жайында бейнематериалдар көру	әңгімелесу

2024-2025 оқу жылында жоспарланған және өткізілген іс-шаралар

Жұмыстың мазмұны	Жұмыстың түрі
«Өмірге салауатты қадам»	Эстафеталық жарыс
«Темекі тарту-денсаулықты құрту»	Тәрбие сағаты
«Қай жерде ойнауға болмайды»	Сюжеттік қойылым

Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты тәрбие бағыты бойынша өткізілген іс-шаралар санының кестесі:

2022-2023	2023-2024	2024-2025	Жалпы
7	9	3	19

Тәрбие іс-шараларының өткізілуі туралы мәлімет  
2022-2023 оқу жылы

В №	Іс-шара	Қыркүйек	Қазан	Қараша	Желтоқсан	Қаңтар	Ақпан	Наурыз	Сәуір	Мамыр	барлығы
		Саны	Саны	Саны	Саны	Саны	Саны	Саны	Саны	Саны	Саны
1.	Мерекелік іс-шаралар	3	4	-	5	-	1	5	3	5	26
2.	Тәрбие сағаты	14	11	10	13	17	13	16	10	13	117
3.	Кездесулер	-	-	1	-	2	-	1	-	-	4
	Көрме	-	1	1	1	1	2	1	1	1	9
	Сайыс	-	1	1	2	-	-	1	1	1	7
	Акция	-	1	-	1	-	-	1	2	-	6
	Жиналыс		2		1	-	-	1		1	5
	Жоба	-	1	-	-	-	-	1	1	-	3
	Сауалнама	1	-	1	-	1	1	1	-	-	5
	Байқау	-	2	4	1	1	3	-	2	2	15
	Саяхат		-	1	-	2	1	-	2	1	7
	Семинар тренинг	-	-	-	-	-	1	-	1	-	2
	спартакиада	-	1-	-	-	-	-	-	2	2	5
17	фестиваль	1	1					1	1		4
<b>Барлығы:</b>		19	25	19	24	24	22	29	26	26	214

Тәрбие іс-шараларының өткізілуі туралы мәлімет  
2023-2024оқу жылы

№	Іс-шара	Қыркүйек	Қазан	Қараша	Желтоқсан	Қаңтар	Ақпан	Наурыз	Сәуір	Мамыр	барлығы
		Саны	Саны	Саны	Саны	Саны	Саны	Саны	Саны	Саны	Саны
1.	Мерекелік іс-шаралар	3	1	3	5	2	2	5	3	2	26
2.	Тәрбие сағаты	15	16	13	11	18	15	17	12	10	127
3.	Кездесулер	1	1	-	-	2	1	1	1	1	8
4.	Фестиваль	-	1	-	-	-	-	1	1	-	3
5.	Жарыс	-	1	1	1	1	1	1	1	1	8
6.	Көрме	1	1	2	-	3	-	2	2	-	11
7.	Мектепшілік байқау	-	-	-	1	-	-	1	-	-	2
	Облыстық, Республикалық байқау	0	1	0	0	0	0	1	1	-	3
8	Акция	1	-	1	-	-	-	-	-	-	2
9	Жиналыс	1	-	-	1	-	-	1	-	1	4
10	Саяхат	-	1	-	1	2	-	1	1	1	7
11	спартакиада	-	-	-	-	-	-	-	1	1	2
12	Дөңгелек үстел	2	1	1	1	2	2	1	1	1	12
	Барлығы	24	24	21	21	30	21	32	24	18	215

Тәрбие іс-шараларының өткізілуі туралы мәлімет  
2024-2025 оқу жылы

№	Іс-шара	Қыркүйек	Қазан	Қараша	Желт	Қаңтар	Ақпан	Наурыз	Сәуір	Мамыр	барлығы
		Саны	Саны	Саны	Саны	Саны	Саны	Саны	Саны	Саны	Саны
1.	Мерекелік іс-шаралар	4	5	3	3	2	1	5	2	4	29
2.	Тәрбие сағаты	17	15	20	18	19	16	14	16	11	146
3.	Кездесулер	1	1	1	1	2	2	2	1	-	11
4.	Фестиваль	1	-	-	-	-	-	1	1	1	4
5.	Жарыс	1	1	-	-	1	-	1	2	1	7
6.	Көрме	-	1	-	1	-	-	2	-	-	4
7.	Акция	1	-								1
8	Жиналыс	1	1	1	-	1	-	1	1	-	6
9	Дәріс	-	1		1			1			3
10	Челлендж	1	1	-	1			1	1	1	6
11	Байқауға	1						1	1	1	2

	қатысу										
12	олимпиада	-	-								0
13	Дөңгелек үстел	1	1			1		1			4
14	Поэзия кеші	-	-				1		1		2
		29	27	25	25	26	20	26	20	19	217

2022-2023 оқу жылында өткізілген жалпы тәрбиелік іс-шаралар саны- 214  
2023-2024 оқу жылында өткізілген жалпы тәрбиелік іс-шаралар саны- 215  
2024-2025 оқу жылында өткізілген жалпы тәрбиелік іс-шаралар саны-217

I. Мектеп-интернаттың 2022-2023 ;2023-2024;2024-2025 оқу жылына құрылған тәрбие жоспары бойынша іс-шаралар, жоспарланған жұмыстар орындалып отырды. Тәрбиешілердің күнтізбелік-тақырыптық жоспарларына енген тәрбие сағаттары, мерекелік іс-шаралар жоспарға сай жүргізіліп отырды.;

1. Қыркүйек күні тәлімгердің ұйымдастыруымен «Мектебім-мейірім мекенім» атты салтанатты жиын өткізілді.

2. 5 қыркүйек күні Тілдер мекресі күніне орай Төлеп Шолпан «Тіл татулық тірегі» атты іс-шара өткізді. Мақсаты: Жас ұрпақты өз ана тілінің қадір-қасиетін біліп. Өз ана тілінің көркемдігін сезініп, сөз құдіретін түсініп, құрметтеуге, ардақтай білуге тәрбиелеу.

3. 15 қыркүйек Отбасы күніне орай мектеп психолгі, әлеуметтік педагог, тәлімгерлердің ұйымдастыруымен «Отбасым-бақыт мекенім» атты тренинг өткізді. Мақсаты: Бала тәрбиесіндегі дамуындағы басты рөл атқарушы-отбасы. Сондықтан ата-ананың бала көңілін таба білуіне ой қозғау, өзін-өзі тануына бағыт беру, тәрбие жайлы пікір бөлісу.

4. 20 қыркүйек қыркүйек күні «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы АҚ филиалы Қызылорда облысы бойынша дамыту институтының "Арнайы білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие және түзету процесін ұйымдастыру" атты курс аясында тәжірибелік іс-шара өткізілді. Байлова Жанардың «Бояулар әлемінде» сабағы, Әбдиева Алма «Асық ойнаған озар» сабағы, Төлеп Шолпан «Ертегілер еліне саяхат» ертегі желісі бойынша сабақтары көрсетілді. Келген қонақтар өздерінің сабақтан алған әсерлерін, жылы лебіздерін білдіріп, Алғыс хатпен марапаттады. Каренеева Гүлзира және Төлеп Шолпанның ұйымдастыруымен қорытынды концерттік бағдарлама өткізілді.

5. 29 қыркүйек күні «Құқықбұзушылық-міндеттер нормасын бұзатын заңға қайшы іс-әрекеттер» тақырыбы бойынша Қызылорда ҚПБ ЖПҚБ ЮПБ УПИ-ры полиция аға Дәуірбек Қызырбекұлы және директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Бейбіт Алимжановна түсіндірме жұмысын жүргізді. Мақсаты: Білім алушыларға қылмыстың — қоғамға қауіпті әрекет, оның ішінде кәмелеттік жасқа толмағандардың қылмысы, қылмыстық жауапкершілік, оған қолданылатын жаза түрлері, кінәні жеңілдететін, жауапкершілікті ауырлататын жағдайлар туралы толық түсіндіру, құқықтық сауаттылығын арттыру, салауаттылыққа тәрбиелеп, өз әрекеттеріне баға бере білуге баулу.

6. 3 қазан күні тәрбиеші Мейзамова Гүлзира қарттар күніне орай «Қарттарым асыл қазынам» ашық тәрбие сағатын өткізді. Мақсаты: Оқушыларға ұлттық қадір қасиеттер, мандылық, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету керектігін түсіндіру. Оқушыларды еңбекті сүйеге тәрбиелеу, өз ойын ашық жеткізе білуге уйрету.

7. 5 қазан мұғалімдер күніне орай тәлімгер Төлеп Шолпан мен Каренеева Гүлзираның ұйымдастыруымен «Ұстаз аты мәңгілік» атты мерекелік іс-шара өткізілді. Мақсаты: Ұстаздың адам

өмірінде алатын орын зор екендігін, ұстаздарды құрметтеу, сыйлау және қадірлеу қасиеттерін оқушылардың бойына дарыту.

8. 9 қазан күні «Нашақорлық-ғасыр дерті» тақырыбында жоғарғы сынып оқушыларына дөңгелек үстел болып өтті. Облыстық психикалық денсаулық орталығының психологі Әбдешқызы Әсел, Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б. Әлімжанқызы, психолог А. Елдесбаева, әлеуметтік педагог Ж. Калмаханова және тәлімгер Ш. Төлеп және Г. Каренеева қатысты. Мақсаты: Кездесу барысында оқушыларға нашақорлықтың салдары және темекі, насыбайдың адам өміріне зияны туралы түсіндіру.

9. 10 қазан күні Спандияр Көбеевтің 145 жылдығына орай "Екі соқа" әңгімесіне кіріктірілген тәрбие сағаты өтілді. Мақсаты: Ақын - жазушының қаламынан туған мысал, әңгімелер арқылы оқушыларды адами қасиеттерге баулу, автор көтерген тағылымдар арқылы жазушының азаматтық бейнесін аша отырып, оқушылардың адамгершілік қасиеттерін арттыру, үлгі - өнеге алуға шақыру.

10. 10 қазан күні «Булинг және кибербулинг» тақырыбында іс-шара өткізілді. Мақсаты: Жасөспірімдер арасындағы булингтің себептері мен түрлерін анықтау, алдын алу жұмыстарын жүргізу және булинг туралы ақпаратты кеңейту. Іс-шараға " Облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығының" маманы Абдирова Зарина қатысып, түсіндірме жұмысын жүргізді.

11. 14 қазан күні оқушылар қаламыздың көрікті жерлеріне экскурсия жасады. Мақсаты: Оқушыларды туған жерін сүйге тәрбиелеу, қоршаған ортаға және отанға деген сүйіспеншіліктерін арттырып, балалардың эмоциялық көңіл-күйін көтеру. Өз еліне жеріне, туған қаласына деген мақтаныш сезімін қалыптастыру.

12. Топ тәрбиешілері 16-20 аралығында өткізілетін «Алтын күз» апталығының ашылуын өткізді. Мақсаты: Күз мезгілінде болатын өзгерістер туралы және күз мезгілінің астық, жеміс-жидек, көкөністер жинау мезгілі екенін түсіндіру. Мерекелік көңіл күй орнату.

13. «Алтын күз» апталығының аясында оқушылар 17 қазан күні «Айнала сары түске боялды» тақырыбында қаламыздың көрікті жерлеріне күзгі саяхат жасады. Мақсаты: Балаларға жылдың күз мезгілі туралы түсінік беру. Күздің ерекшеліктерімен таныстыру.

14. «Алтын күз» апталығы аясында 18 қазан күні «Күз кереметі» тақырыбында топ тәрбиешілері оқушылар арасында сурет байқауын өткізді. Мақсаты: Балаларды күзгі табиғаттан өздері бақылағандарын бейнелеу дағдыларын қалыптастыру. Балаларды табиғатты бейнелеу жанрымен таныстыру. Балалардың қызығушылығын арттыру. Табиғат әсемдігін сезіну арқылы эстетикалық тәрбие беру.

15. №7 арнайы түзету мектеп-интернатында «Алтын күз» апталықтың аясында 19 қазан күні топ тәрбиешілері «Күз ханзадасы мен Күз ханшайымы» сайысын өткізді. Мақсаты: Күз туралы балалардың дүниетанымдарын арттыру, күз мезгілінің қоршаған ортаға әсерін таныту, күз ерекшеліктерін, күз сыйын ұғындыра отырып, балаларға меркелік көңіл-күй сыйлау. Сайыс барысы ертегі желісімен ашылып, Хан мен уәзір ханзада мен ханшайымдарға түрлі тапсырмалар беріп, өнерлерін тамашалады. Оқушылар әртүрлі кезеңдер бойынша өздерінің өнерлерін, түрлі билер мен әндер, пародия жанры бойынша өнер көрсетті. Сайыс соңында оқушылар номинациялармен марапатталып, сыйлықтар табысталды. Алтын күз апталығының қорытындысы бойынша сурет салу байқауына қатысқан оқушылар арнайы Алғыс хаттармен марапатталды.

16. Бүгін 20-шы қазан күні №7 арнайы түзету мектеп-интернатының оқушылары «Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету балалар орталығына» барып, ерекше күтімді қажет ететін балалардың өнерге деген қызығушылығын оятып, рухани дүниетанымын молайтып, керемет көңіл-күй сыйлау барысында достық қарым-қатынастарды нығайту мақсатымен ұйымдастырылған «Балалық шақ-бақытымыз» атты концерттік бағдарламасын ұсынды. Іс-шара соңында орталық директоры Қалымбетов Ерлан мырза мектеп-интернат басшысы Перизат Алмашқызына және ұжымымызға, осы

концерттік іс-шараны ұйымдастырушы әріптестерімізге өз ілтипатын білдіріп, алғысын айтты. Сонымен қатар балаларға дайындаған өздерінің сыйлықтарын ұсынып, зор ықыласын білдірді.

17. 24-қазан күні 25-қазан Республика күні мерекесіне орай топ тәрбиешілерінің ұйымдастыруымен "Туған жерім менің-Қазақстаным!" мерекелік іс-шара өткізілді. Мақсаты: Тәрбиеленушілердің

Отан, Қазақстан туған жер туралы түсініктерін кеңейту.

Әнұран.

Республика күніне арналған бейнетаспа.

"Көкке өрле" биі.

"Менің Отаным" әні.

"Мен қазақпын" биі

"Балбырауын" оркестр

☑ "Атамекен" әні

☑ Республика күніне арналған ☑ ФЛЕШМОБ, топ оқушылары "Қазақстан - байтақ елім"

18. Тәрбиешісі: Боранбаева Айгүл Республика күніне арналған "Туған жерім Қазақстан" тақырыбында тәрбие сағатын өткізді. Мақсаты: Тәрбиеленушілерді өз отанын сүйуге, қазақ екенін, Қазақстанда тұратынын мақтаныш етуге, туған халқының тілін, мәдениетін, салт-дәстүрін қастерлейтін саналы да парасатты азаматтар тәрбиелеу.

29. 27 қазан күні Қызылорда қалалық білім басқармасының ұйымдастыруымен Қазан - Бүкіләлемдік "Даун синдромы" туралы ақпаратты тарату айы" аясында «Күн сәулелі балалар» атты мерекелік іс-шара өткізілді.

Іс-шарада мектебіміздің оқушылары өз өнерлерін көрсетіп, өздерінің қолөнерлерін паш етті. Іс-шара ұйымдастырушылары ата-аналарға Білім басқармасының Алғыс хаттарын және оқушыларға арнайы сыйлықтар табыстады.

20. Мектептегі бір күнім видеоролик түсіру барысында Ерсатова Нұржайна оқушысы Сайлауов Сағындықтың мектептегі бір күнін түсірді.

Майхиева Гүлдана оқушысы Ерболқызы Гүлсезімнің үйіндегі бір күні видеоролигін түсіріп, әлеуметтік желіге жариялады.

21. оқушылардың күзгі демалысын тиімді өткізу мақсатында оқушылар мен ата-аналардың қатысуымен 1-3 қараша айында іс-шаралар өткізілді.

📖 1 қараша күні «Kids boom» балалар ойын алаңында оқушыларымыз көңілді ойындар ойнады.

◆ Мақсаты: Балалардың бос уақытын ұйымдастыру Балалардың денсаулыққа, ойынға деген құштарлықтарын дамыту, балалардың дене қимылдарын ширақ ету.



📖 2 қараша күні «Жастар ресурстық орталығы» мамандары ата-аналар мен оқушыларға іс-шара өткізді. Арт терапия жанры бойынша оқушылар мен ата-аналарға сурттер салғызды.

◆ Мақсаты: Арт-терапия туралы ұғым беру, маңыздылығын ашу. Арт-терапияның түрлерімен таныстыру, тиімділерін тәжірибеде пайдалану. Арт-терапияның түрлеріне арналған ойындармен танысу. Қатысушылардың достық қарым-қатынасын, ұжыммен жұмыс жасауды арттыру. Сонымен қатар оқушылар мен ата-аналар караокеде түрлі әндер айтып, көңілді билер билеп көңіл көтерді. Осындай шара ұйымдастырған «Жастар ресурстық орталығы» басшысына алғысымызды білдіреміз.

📖 3 қараша күні ата-аналар мен оқушылар «Облыстық тарихи-өлкетану музейіне» барып, тарихи жәдігерлермен танысты. «Өткенінді білмейінше, болашағыңды болжай алмайсың» – демекші, өткен тарихымызды білмей, бүгінгі күннің сауалдарына жауап іздеу мүмкін емес. Сонымен қатар музейді өткен мен болашақты жалғастырушы орда деп қарастыруға әбден болады.

◆ Мақсаты: жас ұрпақтың бойында отансүйгіштік, елжандылық сезімін оятып, олардың туған жерге, өскен елге, ұлт мәдениетіне деген сүйіспеншілік қасиетін арттыру.

2023 оқу жылының 4 тоқсанында оқушылармен атқарылған іс-шаралар мен ашық сабақтар 1. Қызылорда Облыстық Оқу Орталығы (әдістемелік кабинет) жоспарына сәйкес, 2023 жылдың

29 наурыз күні экологиялық білімін  дамыту арқылы жас ұрпақты патриотизмге  баулып, білім көкжиегін кеңейтіп, бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында "Туған өлкенің табиғаты" тақырыбында оқушылармен экскурсия өткізілді. Қаламыздың көптеген әсем жерлеріне саяхат жасады.



2.

Қызылорда облыстық оқу орталығы (әдістемелік кабинет) 24 сәуір күні «Дені саудың жаны сау» тақырыбында денсаулық апталығының ашылуы өтілді. 🌱 Мақсаты: Оқушыларға салауатты өмір салтын сақтаудың қажеттілігін, зиянды заттардың зардаптарын білуге, жат әдеттерден аулақ болуға үйрету; ой – өрістерін, сана сезімдерінің тілдерін, шығармашылықтарын дамыту; жас ұрпаққа адам денсаулығының басты байлық екендігін түсіндіру. 🌱



3. Дәрігерлер, аяжандар, тәрбиеші және дене шынықтыру пән мұғалімдерінің бірлесіп ұйымдастыруымен "Дені саудың- жаны сау" атты спорттық-эстафеталық жарыс өткізілді. 🌸 Мақсаты: Салауатты өмір салтын сақтау, дені сау, рухы таза ұрпақ тәрбиелеу, балалардың дене тәрбиесін дұрыс жолға қою, спорттық шеберліктерін, мүмкіндіктерін арттыру, жас ұрпақты өздігінен білім деңгейін көтеруге үйретіп, өзін-өзі тәрбиелеуге дағдыландыру.

🏆 Эстафеталық жарыс 5 кезеңнен тұрды. Жарысқа "Қыран", "Тұлпар", "Болшақ" командалары қатысып, оқушылар жарыста жақсы белсенділік танытты.

Жарыс нәтижесінде:

🥇 "Болашақ" тобы I орын

🥈 "Тұлпар" тобы II орын

🥉 "Қыран" тобы III орынды иеленді.

Жарыс соңында балалар дипломдармен және ынталандыру сыйлықтарымен марапатталды.



4. 27 сәуір күні тәрбиеші Нұрыллаева Лаззат және Мейзамова Гүлзира 1 мамыр ынтымақ күніне орай «Халықтар достығы-баға жетпес байлық» атты тәрбие сағатын өткізді. 🌱 Мақсаты: 1 - мамыр Қазақстан халықтар бірлігі күні екенін оқушыларға жеткізу; Ынтымақтыққа, достыққа, өз Отанын сүйуге, қорғауға тәрбиелеу. 🌱 Сабақ барысында оқушылар жаттаулар айтып, сұрақтарға жауап беріп, тапсырмалар орындады. Сабақ соңында оқушылар ән айтып, билерін биледі.



5. 28 сәуір күні мектеп тәлімгерлері "1 мамыр - Қазақстан халықтарының бірлігі" күніне орай «Халықтар достығы - баға жетпес баға» атты мерекелік іс-шара өткізілді. 📌 Мақсаты: 💎 Көпұлтты Қазақстан Республикасының халықтар достығы – еліміздің бірлігінің кепілдігі екендігін таныту. 💎 Әр халықтың өнері, оның рухани байлығының негізін баланың жүрегіне өз ұлтының тілін, дінін біле отырып, өзге ұлттың рухани байлығын сыйлауға, құрметтеуге тәрбиелеу. 🎉 Іс-шара барысында оқушылар әдеби жаттауларын айтып, әртүрлі ұлттардың билерін билеп, әндерін шырқады.



6. 9 мамыр-Жеңіс күніне орай мектеп тәлімгерлері «Ел мен ердің жеңісі» атты мерекелік іс-шара өткізілді.

Мақсаты:

- ◆ Балаларды адамгершілікке, Отанын сүйуге, оны қорғауға баулу.
- ◆ Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру, оларға патриоттық тәрбие бере отырып, өз елін, жерін қастерлейтін саналы да парасатты азамат етіп тәрбиелеу.
- ◆ Ұлы Отан соғысы жылдарында еңбек еткен аналардың тұлғасын, асыл бейнесін ашу, кейінгі ұрпаққа үлгі өнеге ету.

🎭 Іс-шарада оқушылар әдеби монтаждарын айтып, ән айтып, билер биледі.



7. "Жасыл мекен" челленджі

🌱 «Тоғыз айға 9 іс-шара» аясында «Жасыл мекен» челленджі 2023 жылдың 13 мамыр күні сағат 11:00-де (Астана уақытымен 12:00-де) республиканың барлық өңірлерінде өткізілу жоспарланған болатын.

! Шараның негізгі үйлестірушісі – Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі

🏠 Осы шара негізінде 9 сынып оқушылары мен мектеп-интернат педагогтары қатысуымен «Жасыл мекен» челленджі өткізілді.

👉 Бұл челлендж көктемде көшет отырғызу арқылы қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауды үйретумен қатар, еңбекқорлыққа баулу, айналаны көгалдандыруға, абаттандыруға бастама болып табылады.

- ◆ Челлендждің мақсаты: білім алушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру және еңбекқорлыққа баулу.

8. 🌱 Балалар, ата-аналар, тәрбиешілермен бірлесіп 2023 жылдың мамыр айының 15 күні халықаралық Отбасы күніне арналған «Мен отбасыммен бақыттымын» тақырыбында іс-шара өткізілді.

🌱 Мақсаты: Отбасы сүйіспеншіліктің, құрмет пен ынтымақтастықтың ошағы. Баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуында отбасы, жанұя туралы білімдерін шыңдау, отбасы құндылықтарының маңызын дәріптеу, болашақ өмірде отбасы игілігі үшін талмай еңбек етуге үйрету, ата-ана, мектеп, оқушымен байланысты нығайтудың тиімді жолдарын бірге іздеу танымдық қызығушылығын ояту.

🌱 Ата-аналар, балалармен тәрбиешілер бірлесіп «Кел бірге құрайық» ойын "Әжем айтқан ертегі" ертегілер еліне саяхат, «Қолымнан бәрі келеді» түрлі жарамсыз қалдықтардан бұйымдар жасалып «Музыкалық қимыл қозғалыс» ойындары ойнатылды.

Мектеп психологы ата-аналарға арналған тренинг сәтін жүргізіп өтті. Соңында мектеп директоры ата-аналарды Алғыс хатпен марапаттап, оқушыларға сыйлықтар таратылды.



9. 🌱 17 мамыр топ тәрбиешілері Ғалия Нұртазаева мен Гүлжан Байжанова 10 топ тәрбиеленушілерімен "Есірткіге жол жоқ" тақырыбында дөңгелек үстел өткізді.

🌱 Сабақ қонақтары :

Облыстық психикалық денсаулық орталығының маманы Әбдеш Әсел Асылбекқызы  
Облыстық жастар денсаулығы орталығының маманы Алмурзаева Гүлдана Айтмағанбетовна  
Облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығының маманы Абдирова Зарина Жумабаевна  
Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Бейбіт Алимжанқызы  
Психолог Ақмарал Жарасқызы қатысты.

🌱 Нашәқорлықтың адам өміріне тигізер әсері өзімізге белгілі. Онымен айналысқаннан кейін бұзақылық жасау, қорлық көрсету т.б жасауға итермелейді. Адам денесі қалжырап, көзі бұлдырап, өмірге не үшін келгені не үшін жүргені беймәлім болады.

🌱 Оқушылар "Ақырын жүріп анық бас" тақырыбында шағын көрініс қойып, келген қонақтарымыз балаларға тақырып бойынша өз пікірлерін жеткізді. Тренинг сабақтар өткізіп, оқушыларға сергіту сәтін ұйымдастырды. "Мақал мәтелді" жалғастыр ойынын ойнатып сұрақтарына жауап берді.

🌱 Сабақ барысында оқушылар көптеген мағұлматтар алды. Сабаққа белсене қатысты. Өз ойларымен бөлісті.



10. Құндылыққа негізделген оқу мен тәрбие бағдарламасының «Мектеп театры» жобасына сәйкес директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Алменбетова, педагог-психолог А.Елдесбаева және әлеуметтік педагог Ж.Калмаханованың бірлесуімен жоспар құрылып, бекітілді.

📌 Жыл бойы жұмыстар жоспарға сәйкес жүйелі жүргізілді.

📄 Мақсаты:

◆ Оқушылардың рухани дүниесін байыта отырып, эстетикалық, көркемдік, адамгершілік азаматтық тәрбие беру.

◆ Ауызша сөйлеу мәдениетін арттыру. Көркем әдебиетті оқуға деген қызығушылығын ояту.

◆ Актёрлық шеберлігін қалыптастыру, дамыту.

! Осы жобаның жыл бойы жүйелі жүргізілуінің нәтижесінде оқушылардың әр кейіпкерлерді сезіне білуі, сахнада өз-өздерін ұстауы, еркін сөйлеуі қалыптасты.

🗣️ "Мектеп театры" жобасы жоспарға аясында Мұқағали Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда» поэмасы желісі бойынша тәлімгер Төлеп Шолпан және Каренеева Гүлзира жетекшілік еткен сахналық қойылымымен қорытындыланды.



11. Ағымдағы жылдың 26 - мамыр күні "Мажкен" спорттық-шығармашылық орталығы "1маусым - Халықаралық балаларды қорғау" күні қарсаңында ерекше білімді қажет ететін балаларға арналған "Жаңа жұлдыз" атты шығармашылық кешін ұйымдастырды.

🎀Өнер кешініне мектеп-интернатымыздан 17 бала қатысып, сахнада өз өнерлерін көрсетіп, шығармаларынан көрме жасады.

📌Шығармашылық кешке белсене қатысқаны үшін балаларға арнайы Дипломдар табысталды.

🎀Іс-шарадан кейін "Мажкен" орталығы мерекелік дастархан жайылып, балаларға ойын орталығында көтеріңкі көңіл күй сыйлады.



12. "1-маусым Балаларды қорғау" күніне байланысты құрылған жоспар бойынша 29 маусым күні қалалық мәдени және демалыс паркінде «Бала-жарқыраған күніміз,жарқын болашағымыз!» тақырыбында өтілген мерекелік іс-шара өте жоғарғы деңгейде аталып өтті. 🎉Балалар өз қалаулары бойынша түрлі аттракциондарға мініп,көтеріңкі көңіл-күйде болды.Сонымен қатар, жадыраған жаз мезгілінде балаларға тәтті сыйлықтар, сусындар таратылды



13. 1-маусым Балаларды қорғау" күніне байланысты құрылған жоспар бойынша 29 маусым күні қалалық мәдени және демалыс паркінде «Бақытта сәттерден бір күн..» тақырыбында «Hanzada kids» ойын-сауық кешіне бапрып, түрлі ойындар ойнап, тәттілерден дәм татты.

2024 оқу жылының I тоқсанында оқушылармен атқарылған іс-шаралар мен ашық сабақтар.

1.1 қыркүйек Білім күніне, тәлімгерлер Каренеева Гүлзира мен Төлеп Шолпан және бастауыш сынып,топ жетекшілерінің ұйымдастыруымен «Мектеп-мейірім мекені» тақырыбында салтанатты жиын болып өтті.



2. **3 қыркүйек күні** тәрбиешілері Г. Омарова және А.Боранбаева «Менің Отаным—Қазақстан» тақырыбында тәрбие сағатын өткізді. Мақсаты: Оқушыларға Қазақстанның тарихын, мәдениетін, табиғатын таныстырып, елге деген сүйіспеншілік пен патриоттық сезімді қалыптастыру. Оқушылардың бойында мемлекеттік рәміздерге, ұлттық құндылықтарға деген құрмет сезімін ояту. Туған жерді қорғауға және мақтан етуге тәрбиелеу.



3.5 **қыркүйек күні** қазақ тілі пән бірлестігі тәлімгерлердің ұйымдыруымен «Ана тілім байлығым» (А.Байтұрсыновтың туған күніне орай) тақырыбында мерекелік іс-шара ұйымдастырды. Мақсаты: Оқушылардың өз ана тіліне деген құрмет сезімін арттыру, тіл мәртебесін көтеру, таза сөйлеуге үйрету, өз ұлтына, еліне деген сүйіспеншілігін ояту. Тіл білімінің негізін қалаған тұлғаларды дәріптеу. Қазақстан мемлекетінде тұратын барлық халықтардың тілдерін құрметтеу.



#### 4. Бала тәрбиесі баршаға ортақ ата-аналар жиналысы

✓ **15 қыркүйек** «Халықаралық отбасы» күніне орай директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Әлменбетова педогог-психолог А.Елдесбаева және әлеуметтік педагог Ж.Қалмахановалардың ұйымдастыруымен 18 қыркүйек күні «Жастар ресурстық орталығы» ғимаратында, осы орталық мамандарымен бірлескен «Бала тәрбиесі баршаға ортақ» тақырыбында ата-аналармен дөңгелек үстел өткізілді.

✓ Мақсаты: Балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін позитивті ата-ана мәдениетін және әлеуметтік құзыреттерін дамыту, ата-аналарға жүйелі қолдау ұйымдастыру. Мектеп-интернат пен отбасы арасындағы балаларды тәрбиелеумен дамытудағы өзара іс-қимылды нығайту.

✓ Мектеп ата-аналарын ынтымақтастыққа, өзара сыйластыққа бірлесе әрекет етуге, пікір алмасып ой білдіруге мүмкіндік беру. Тренинг барысында «Амандасу», бір-біріне деген қарым-қатынаспен сенімді нығайтуға «Құбыр» жаттығуы, «Би терапиясы» және «Ұшқыр қиял» жаттығулары жүргізілді. Әлеуметтік педагог Ж.Қалмаханова «Ой жинақтау», «Қызықты сұрақтар», «Жасырын сурет» тақырыбында ата-аналарға тренингтік ойындар жүргізді.



5. **30 қыркүйек күні** мектебіміздің тәрбиешілері Бисембаева Г, Мейзамова Г “Еңбек берер жемісін” тақырыбында ашық сабақ өткізді.

◆ Сабақтың мақсаты:

◆ Еңбектің адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіру; еңбек жасай білу дағдыларын дамыту, еңбекке қызығушылықтарын арттыру; еңбектенуге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

🍌 Оқушыларға еңбектің адам өміріндегі негізгі құндылық екенін түсіндіру;

Еңбекке деген жауапкершілікті дамыту, еңбекке құрметпен қарауға тәрбиелеу;

◆ Оқушыларды адал, табанды еңбекке баулып, өз болашағы үшін еңбектің маңызын түсіндіру; Еңбекқорлық пен шыдамдылық сияқты қасиеттерді қалыптастыру.



6. **1 қазан күні** “Қарттарын қадірлеген ел ардақты” атты мерекелік іс-шара мектеп тәлімгерлері мен 2 қабат тәрбиешілерінің ұйымдастыруымен өткізілді.

Мақсаты: Оқушыларға ұлттық қадір-қасиеттер, имандылық, үлкенді қадірлеу, үлкенге ізет, кішіге құрмет көрсету керектігін түсіндіру. ◆ Оқушыларға еңбекті сүйуге, Отанымыздың білікті де ,білімді адал азаматы болуға тәрбиелеу.



7. **7 қазан күні** тәрбиешілері Г.Мейзамова мен Н.Ерсатова, аралас топ тәрбиеленушілеріне "Туған қалам Қызылорда" тақырыбында қаламыздың көрікті жерлеріне саяхат сабағын өткізді

📌 Мақсаты : оқушыларға қаламыздың көрікті, әсем жерлерімен таныстыру, туған жерге деген сүйіспеншілігін ояту тазалыққа, әсемдікке тәрбиелеу.

- 📌 Оқушылар қала орталығындағы орталық алаңға барып, Батырхан Шүкенов атындағы саябақты ,Қорқыт ата ескерткіштерін аралап ойындар ойнап, оқушылар жақсы көңіл-күймен, демалып қайтты.



8. **Қазан айының 10 жұлдызында** Қызылорда облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығының ерекше балалар мен жастар арасындағы X облыстық «Жүрек жылуы» атты өнер байқауы өткізілді. 📌 Облысымыздың әр өңірінен байқау қатысушылары жиналып, би, ән, көркемсөз оқу, қолөнер, көркемсурет, халықтық орындау сынды байқаулар бойынша өз өнерлерін көрсетті.

- ◆ "Би" жанры бойынша 🏆 Бас жүлде - "Жұлдыздар" би тобы.
- ◆ "Би" жанры бойынша 🥉 ШІ орын - "Жас таланттар" би тобы.
- ◆ "Халықтық орындау" бойынша 🥇 І орын - "Балбөбек" оркестр тобы.
- 👤 Жетекшілері - Төлеп Шолпан және Каренеева Гүлзира.
- ◆ "Көркемсөз оқу" бойынша 🥈 ІІ орын - Алпысбай Нұрғиса.

- ◆ "Көркемсөз оқу" бойынша 🥉 ШІ орын - Ілекер Роллан.

👤 Жетекшісі - Жоламанова Шынар

- ◆ "Қолөнер" жанры бойынша ШІ орын - Баймахан Назым.

👤 Жетекшісі - Ережепова Эльмира.



9. **17 қазан күні** тәрбиешілер Ғ.Нұртазаева мен А.Әбдиева 9 сынып оқушыларымен Қызылорда облыстық «Ақмешіт-Сырдария» орталық мешітінің "ҚМДБ "Зекет және қайырымдылық " қорының Қызылорда бойынша өкілі Жидебаев Оңталап Тасболатұлының ұлықсатымен мешітте "Отанды сүю иманнан" тақырыбында дөңгелек үстел өтті ұйымдастырды. 🌱 Сабақты ұстаз Абдулла Нұрсұлтан Уәлиұлы жүргізді. Сабақ өте тартымды,қызық өтті. Оқушылар өз ойларында жүрген сұрақтарын қойып,жауаптарын алды.

🌱 Ұстаз оқушыларды мешітте білім алуға шақырды.

Дөңгелек үстел өз дәрежесінде өтті.



10. 18 қазан күні Бүкіләлемдік "Даун синдромы" туралы ақпаратты тарату айы" аясында мектеп-интернатындағы күн сәулелі балалардың көңіл-күйлерін көтеру және қоғамға бейімдеу мақсатында "Alatay kids" ойын сауық алаңына барды. ♦ Alatay kids ұжымы балаларымызды тамаша көңіл-күймен, әсем әуенмен, аниматорлармен қарсы алып, тәтті дастарханымен қуанып қарсы алды.

♦ Оқушыларымыз түрлі қызықты ойындар ойнап, би билеп керемет әсер алды.

👨👩 Ата-аналар мектеп ұжымына осындай шараны ұйымдастырғандары үшін алғыстарын айтып, жылы лебіздерін білдірді.



11.16 қазан күні «Жасөспірімдер арасында буллингтің алдын алу, әрбір ата-ана нені білуі тиіс» тақырыбында директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Әлменбетова және педагог-психолог А.Елдесбаеваның ұйымдастыруымен ата-аналар мен мектеп-интернат қызметкерлеріне дөңгелек үстел өткізді.

Мақсаты: Жасөспірімдер ортасында қорқыту жағдайында балалар, а көмектесуде ата-аналарға психологиялық-педагогикалық білім беру.

12. Алтын күз мерекесіне орай топ тәрбиешілерінің ұйымдастыруымен " Күз ханшайымы мен ханзада" сайысы өткізілді. 🥕 Мақсаты: Күз туралы балалардың дүниетанымдарын арттыру, күз мезгілінің қоршаған ортаға әсерін таныту, сахна мәдениетін қалыптастыру, күз ерекшеліктерін, күз сыйын ұғындыра отырып, балаларға мерекелік көңіл - күй сыйлау.

🥕 Сайыс 5 кезеңнен тұрды

1. Таныстыру.
2. «Өнерлі өрге жүзер» өнерлерін көрсету
3. Қолөнер фантазиясы, үй тапсырмасы
4. Күздік сән үлгісі.
5. «Сықырлы ұяшық» ойыны.

Жоғарыда аталған кезеңдер бойынша мектеп оқушылары аса қызығушылықпен белсенділікпен қатысып, өз өнерлерін көрсетті.

Қорыта келе 4ші сынып оқушылары: Нұрыслам Айзере мен Ғалым Ақәділ "Күз ханшайымы мен ханзадасы" атанды, басқа топ қатысушылары түрлі номинациялармен марапатталып, сыйлықтар таратылды.

Сайыс соңында келген қонақтар мен ата-аналар өздерінің жылы лебіздерін білдіріп, ризашылықтарын айтты.



13. 25 қазан— Республика күніне орай тәрбиеші Г.Омарова "Менің Қазақстаным — менің болашағым" тақырыбында тәрбие сағатын өткізді. Мақсаты: Оқушыларды туған жерін, туған елін, халқын ардақтап өтуге үйрету. Бақытқа жетер даңғыл жолдың бірі-туған Отанды сүюден басталатынын түсіндіру. Отанға деген патриоттық сезімдерін ояту.

Тәрбие сағатында оқушыларға Республика күніне байланысты бейнебаян көрсетіліп, мағлұматтар берілді. Оқушылар Отан туралы өлеңдер оқып, әндер шырқады. Тәрбие сағатының соңы флэшмоб билеумен аяқталды.



14.25 қазан күні тәрбиешілері Х.Айбар, Н.Ерсатова 25-ші қазан Республика күніне арналған "Тәуелсіздік туын желбіретейік!" атты сабақ (10 минуттық арт терапиялық сабақ) өткізді. Мақсаты: Оқушыларға рәміздерді таныстыру. Түстерін ажыратуға үйрету. Танымдық қабілетін арттыру.

Балаларға Арт- терапия туралы түсінік беру; бейне терапиясы жаттығуларын орындау; Әсемділікті сезінуге тәрбиелеу; Балалардың саусақ бұлшық еттерін, саусақ моторикасын жетілдіру мен ойлау қабілеттерін дамыту.

14. 24 жылдың мамыр айының 18 жұлдызында Шымкент қаласында өткізілген «ДАРЫНДЫ ЖҰЛДЫЗДАР» II Халықаралық өнер байқауынан «Хореография» номинациясы бойынша ерекше де өнерпаз балаларымыз Гран при жүлдесін жеңіп алып және Түркия мемлекеті Ыстанбұл қаласында өтетін «Ipek yolu» халықаралық балалар фестиваліне жолдама ұтып алған болатын.

Ендігі кезекте, Ыстанбұл қаласында өткізілген халықаралық фестивальде "Гүлдер бағы" би топ өнерпаздарымыз тағы да жүлделі Гран при ұтып алып, келесі дүбірлі дода Дубай шахарына халықаралық өнер байқауына жолдама алды. Алдағы уақыттада жеңіс тұғырынан көріне беріндер демекпіз!

2024 оқу жылының 3 тоқсанында оқушылармен атқарылған іс-шаралар мен ашық сабақтар

1. №7 арнайы түзету мектеп-интернатында 17 қаңтар мен 17 ақпан аралығында өткізілетін «ДОСБОЛІКЕ ДОСТЫҚ ҚОЛЫН ҰСЫН» акциясының жоспары құрылды. Жоспар бойынша акцияның ашылуы 17 қаңтарда оқушылар, ата-аналармен және қонақтарымыздың қатысуымен өткізілді.

АКЦИЯНЫҢ МАҚСАТЫ мектеп ортасында жасампаз ұжымдық шығармашылық негізінде позитивті қатынастарды қалыптастыру үшін жағдай жасау Өзара шығармашылық іс-қимыл жағдайында оқушылардың, педагогтердің және ата-аналардың ынтымақтастығы үшін қажеттілікті қалыптастыруға жәрдемдесу.

Іс-шарамыз арнайы қонақтарымыз Айтбенбетов Болатбек Серикбаевич мектепшілік кеңес төрағасы және Сиюов Сағатбек Қуанышбаевич «Жылы жүрек» жастар қоғамдық қоры басшысы, қамқоршылық кеңес мүшесі келіп, оқушыларға жылы тілектерін айтып, «Досболіке достық қолын

ұсын» акциясын түсіндіріп, алдағы уақыттарда тығыз жұмыс жасайтынын айтып өтті. Мектебіміздің белсенді ата-аналары қатысып, оқушыларға алдағы акцияда белсенді болуға шақырды.



2. №7 арнайы түзету мектеп - интернаты бойынша 2024 жылдың 17 қаңтарынан бастап 17 ақпан аралығында өткізілетін "ДОСТЫҚ LIKE.... ДОСТЫҚ ҚОЛЫН ҰСЫН" жобасы аясында топ тәрбиешісі **Бисенбаева Гүлнұр 19 қаңтар** күні жатаханада «**Көңілді күн**» атты видеоролик түсірілді.

◆ Мақсаты: Оқушылардың достық туралы ой пікірлерін қалыптастыру. Оқушылардың достық туралы ойларын дамыту. Нағыз досты тани білуге үйрету. Достық қарым - қатынастарын нығайту. Оқушылардың өз ойларын еркін жеткізе білуге, досты қадірлеуге және тіл байлықтарын, түсініктерін қалыптастыру. Адам бойындағы адамгершілік қасиеттерді сақтай білуге, адалдыққа, достыққа тәрбиелеу.

3. №7 арнайы түзету мектеп - интернаты бойынша 2024 жылдың 17 қаңтарынан бастап 17 ақпан аралығында өткізілетін "ДОСТЫҚ LIKE.... ДОСТЫҚ ҚОЛЫН ҰСЫН" жобасы аясында **23 қаңтар** күні **тәлімгерлердің** ұйымдастыруымен оқушылар Ыбырай Алтынсаринның «**Жаман жолдас**» достық әңгімесінен сахналық қойылым көрсетті. ◆ Мақсаты: Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту, ойын ашық айта білуге және өз пікірін қорғай білуге баулу. Оқушыларды адалдыққа, еңбексүйгіштікке, жақсы жолдас бола білуге тәрбиелеу.

4. 30 қаңтар күні "Ерекше білім мен тәрбиені қажет ететін балалардың өмірлік құзіреттіліктерін қалыптастыру" тақырыбында мектепшілік семинар аясында тәрбиеші Майхиева Гүлдана «Қуыршаққа арналған тәттілер» атты ашық тәрбие сағатын өткізді. Мақсаты: Балаларға ермексазды алақан арасына қысып жұмсарту, домалақтау тәсілдерін үйрету және домалақ жұмыр мүсіндер сомдауға жаттықтыру. Шығармашылық қабілеттерін, мүсіндеуге деген қызығушылықтарын арттыру. Ойындар ( қимыл-қозғалыс, дидактикалық ойындар) ойнату арқылы түстерді ажыратуға, заттарды

түсіне қарай топтастыруға қалыптастыру. Балаларға жайлы, көңілді орта қалыптастыру, татулыққа, тәрбиелеу.



5. №7 арнайы түзету мектеп-интернатында **02 ақпан** күні тәлімгер Төлеп Шолпан мен Карнеева Гүлзира қыздарға «**Қыз намысы-үлт намысы**» атты дөңгелек үстел өткізді. 🟢🟢 Мақсаты:

Оқушылардың бойында әдептілік, сыпайлық, инабаттылық, кішіге қамқор, үлкенге құрметпен қарап ізетті болу қасиетін қалыптастыру.

✔Өзіндік адамгершілік құндылықтарын оқушы бойына дарыта отырып, оның жүрек түкпіріндегі рухани қазынасын жарыққа шығару, әрбір баланы жеке тұлға ретінде жетілдіру, адамгершілікке, жүйелі ойлауға дамыту.сыныптас құрбыларының қадірін білуге, өзара сыйластық орнатуға, ата – баба салтын қастерлеуге , жаманнан жиреніп, жақсыдан үйренуге тәрбиелеу.

◆ Сабақ барысында оқушыларға кеңестер айтылып, жаман қылықтан жат болу керектігі түсіндірілді. Оқушыларға сұрақтар қойылып, көңілді ойындар ойнатылды.



6. 🏠№7 арнайы түзету мектеп-интернатында 2024 жылдың 17 қаңтарынан бастап 17 ақпаны аралығында өткізілетін "ДОСТЫҚ LIKE ДОСТЫҚ ҚОЛЫН ҰСЫН" атты акция жоспары аясында **9 ақпан күні** дене шынықтыру пән жетекшілері Саттаров Нұржан мен Қарамергенов Мараттың ұйымдастыруымен және ата-аналардың қатысуымен 🏓 үстел теннисінен "Дене шынықтыру минуттары" өткізілді.

🌱Мақсаты:

■ Үстел теннисі бұл дене тәрбиесінің құралы денсаулықтың жан-жақты дене құрылысының өсіп-жетілуі және күшейтуіне мүмкіндік туғызады.

■ Теннис ойнау қол-көз координациясын жақсартады, ойлау шапшаңдығын арттырады, ұжым бірлігін арттырады.

■ Оқушылардың қимыл-қозғалыс әрекетін қалыптастырып, дамыту.

■ Оқушыларды ептілікке,шапшаңдыққа тәрбиелеу.

◆ Оқушылар мен ата-аналар белсенділік танытып, ризашылығын білдірді.



7. 🏠№7 арнайы түзету-мектеп интернатында тәрбиешілердің 🌱"Ұлттық тәрбие-ұлт болашағы" тақырыбында апталықтың ашылуы **19 ақпан күні** өтілді.

◆ Мақсаты:

✔ Оқушыларды ұлттық құндылықтарды құрметтеуге тәрбиелеу, ұлттық құндылықтар — біздің тіршілігіміз, бабаларымыздан қалған асыл мұра екенін түсіндіру.

◆ Көрініс арқылы оқушыларға ұлттық құндылығымыз түсіндіріліп, мобильді кітапхана аясында қазақтың ұлттық аспаптары, ұлттық киімдері, ұлттық тағамдары туралы айтылды.



- ◆ Сонымен қатар, ұлттық ойындарымыз ойнатылып, оқушыларды ептілікке,



жылдамдыққа, шапшаңдыққа үйретілді.

- ◆ 8. 🏠 №7 арнайы түзету мектеп-интернатында тәрбиеші 🏠 Каренева Гүлзира 22 ақпан күні "Жүз бір мақал, мың бір жұмбақ" тақырыбында тәрбие сағатын өткізді.

- ◆ Мақсаты:

- ✓ Мақал-мәтел, жұмбақтар айту арқылы оқушыларды көркем, ұтымды сөйлеуге үйретіп, олардағы негізгі ойды білдіру.

- ◆ Дамытушылық:

- ✓ Оқушылардың тіл байлығын арттырып, ойлау қабілетін дамыту.

- ◆ Сабақ барысында оқушыларға мақал-мәтелдерден тапсырмалар беріліп, ата-аналар ұяшықтар арқылы жұмбақтар жасырды. Оқушылар сабаққа белсенді қатысты.



9. 🏠 №7 арнайы түзету мектеп-интернатында 2024ж 19-23 ақпан аралығында « Ұлттық тәрбие-ұлт болашағы» атты апталық аясында тәрбиеші Байлова Жанар, жергілікті айтыскер ақынымыз Ыдырысов Серік Махмұдұлымен «Өнер қонған отбасы» тақырыбында кездесу кешін өткізді.

- ◆ Мақсаты: Өлкеміздегі халықтың ыстық ықыласына бөленіп жүрген айтыскер ақынның өрнегі мол жырларын оқуға насихаттау, оқуға деген құлшыныстарын, еліне, жеріне деген сүйіспеншіліктерін арттыру.

- ◆ Ақынмен кездесу кешінде өмірімен, өнерге деген еңбектерін тәрбиелік мәні бар жасаған игі істерімен мағұлматтар алды. Оқушылар сұрақ қойып, жауап ала отырып өскелең ұрпаққа өнеге алатындай әңгіме, жырларын айтты.

- ◆ Оқушылар ақынның туындыларынан жаттаған тақпақтарын, әндерін орындап шықты.

- ◆ Рухани азық беретін осындай кездесу кештен оқушылар ерекше әсер алды.



10. №7 арнайы түзету мектеп-интернатында 2024ж 19-23 ақпан аралығында « Ұлттық тәрбие-ұлт болашағы» атты апталық аясында тәрбиеші Боранбаева Айгүл Төле бидің 360 жылдығына орай «Туралықты тұғыр еткен Төле би» атты театрландырылған көрініс көрсетті. Төле бидің он жұмбағы және Қазыбектің бидің шешімінен оқушылар көрініс көрсетті.

11. №7 арнайы түзету мектеп-интернатында 2024ж 19-23 ақпан аралығында « Ұлттық тәрбие-ұлт болашағы» атты апталық аясында тәрбиеші Қаниева Лаззат «Поэзияның асқар шыңы-Мұқағали» атты әдеби-сазды кеш өткізді. Ақиық ақын, артына айрықша өшпейтін із қалдырған Мұқағали Мақатаевтың өмірі мен шығармашылығына шолу жасау. М.Мақатаевтың өлеңдері мен әндері арқылы оқушыларды әсемдікке, елжандылыққа тәрбиелей отырып, поэзия әлемінің сырын ашу. Оқушылар М.Мақатаевтың әндерін шырқап, өмірінен көріністер көрсетіп, әдеби монтаждарын оқыды.



12. СІЗДЕРГЕ МЫҢ АЛҒЫС !»

Алғыс айту - жүрекке жылу сыйлайтын керемет қасиет , қарапайым адамгершілік парыз .  
 №7 арнайы түзету мектеп-интернатында тәлімгерлердің ұйымдастыруымен "АЛҒЫС АЙТУ - ПАРЫЗЫМ" атты салтанатты іс - шарасы өткізілді. Аталмыш шараның мақсаты : тәуелсіз еліміздің кемел тұлғасын қалыптастыруда жас ұрпақтардың білім алуына жағдай жасап , өз ісін жауапкершілікпен қызмет атқарып жүрген ұстаздардың әлеуетін көтеру , білімге құштар , дарынды шәкірттерді ұлықтау , бала болашағына бейжай қарамай , білім нәрімен сусындауына жағдай жасап , қолдау көрсеткен ата - аналарға алғыс білдіру . Яғни үштік одақтық жұмысын жандандыру.  
 Оқушыларымыз ата-аналарына, ұстаздарына, достарына алғыс айтып, ән айтып, билерін билеп, мерекеде жақсы көңіл күй сыйлады.

Көктемнің алғашқы күнімен ұштасып келген , ерекше қуаныш, көңіл тыныштығын сыйлайтын жарқын мереке - Алғыс айту күні құтты болсын ! Жадырап жеткен көктем көңілдеріңізге шаттық , жүздеріңізге қуаныш кетпесін!



13. №7 арнайы түзету мектеп-интернатында 7 наурыз күні тәлімгерлердің ұйымдастыруымен "Ана-өмірдің гүлі" атты мерекелік іс-шара өткізілді. 🌱

◆ Мақсаты:

- 1. Балаларды мейірімділікке, аналардың өлшеусіз еңбегін бағалай білуге үйрету.
- 2. Анасын сүю арқылы еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру. Оқушылардың танымдық және шығармашылық қабілетін, эстетикалық талғамын, шеберлігін дамыту.
- 3. Өнерді тануға, қызығушылыққа баулу, әдептілікке, парасаттылыққа тәрбиелеу.

◆ Іс-шараға ата-аналар қатысып, жылы лебіздерін білдіріп, оқушылар өздерінің өнерін көрсетті.



14. 🌱 2024 жылдың 9 наурыз күні өткізілген 🌱 "Жібек жолы" ХІ Республикалық балалар мен жасөспірімдер шығармашылық байқауы өткізілді.

📌 БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТЫ:

- ✅ Балалар мен жасөспірімдердің шығармашылық қабілетін шыңдап, өнерге қызығушылығын қалыптастырып, қазақ өнеріне, мәдениетіне деген сүйіспеншіліктерін арттыру. ✅ Өскелең ұрпақты отансүйгіштікке, туған жерді құрметтеуге баулу.
- ✅ Дарынды орындаушыларды біріктіру, шығармашылықта өзін-өзі көрсету арқылы сахнада өзінің талантын шыңдауға мүмкіндік беру.

🏠 №7 арнайы түзету мектеп-интернаты бойынша тәлімгерлер **Төлеп Шолпан** және **Карнеева Гүлзира** жетекшілігімен осы байқауға 🌱 "Хореография" жанры бойынша мектеп-интернат оқушылары қатысып, жүлделі 🏆 **I орын** және медальдармен марапатталды.



15. ✨ 2024 жылы «**Наурыз**нама»яғни наурыз мейрамын жаңа форматта он күн тойлаймыз және әр күн атауы салт -дәстүрімізбен байланыстырылған.

✨ Бүгін 16 наурыз "Мәдениет және салт-дәстүр"күні.

Бұл күн мәдениет , өнер мен ұлттық салт -дәстүрді насихаттауға арналған.

✨ № 7 арнайы түзету мектеп -интернатында салт -дәстүрдің бірі -"**Бесікке салу (бөлеу)**" дәстүрін,тәрбиешілер **Байдалиева А,Қазыбаева Жадыраның ұйымдастыруымен** балалардың қатысуымен көрсетілді.

✨ Мақсаты: Балаларды халқымыздың рухани байлығын игеруге ,ұлттық дәстүрден үлгі алуға,ұлттық құндылықтарды бойына сіңіруге тәрбиелеу.

Көріністе барлық үрдіс сақталып ,адыраспанмен аластау ,тыштыма ырымын,бесікке жеті түрлі жабу ,нәрестені бөлеу көрсетіліп, оның мән -мағынасы түсіндірілді.

✨ Балалар аса қызығушылықпен қатысты.



16. ✅ Қазақстанда «**Наурыз**нама»яғни наурыз мейрамын жаңа форматта он күн тойлайтын болдық. Әр күн жаңа тақырыппен аталады, ол ұлттық салт-дәстүрмен байланыстырылған.

17. 📌 **17 наурыз "Шаңырақ"күні.** Бұл күннің басты құндылығы, әр адам ел үшін сапалы ұлт қалыптастыру.

📌 Бүгін №7 арнайы түзету мектеп-интернатында шаңырақ күніне орай **Қожахметова К,Егембердиева Гүлмираның** ұйымдастыруымен мерекелік шара өткізілді.

📌 Мақсаты: Балаларды салтымыз бен дәстүрімізді құрметтеуге тәрбиелеу. Бала тәрбиесінде отбасының алатын орны ерекше екенін ұғындыру және бауырмалдыққа, парасатты ұл мен қыз болуға, мейірімділік пен ұлтжандылыққа тәрбиелеу.

📌 Мерекеде балалар өз өнерлерін ортаға салып, көтеріңкі көңіл күйде болды

7 арнайы түзету мектеп-интернат директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Әлменбетованың 2024 оқу жылында 4 тоқсандық қорытынды есебі.

I.Мектеп-интернаттың 2024-2025 оқу жылына құрылған тәрбие жоспары бойынша жоспарланған іс-шаралар бойынша ай сайын жоспар жасалып, жоспарланған жұмыстар орындалып отырды. Тәрбиешілердің күнтізбелік-тақырыптық жоспарларына енген тәрбие сағаттары, мерекелік іс-шаралар жоспарға сай жүргізіліп отырды.

2024 оқу жылының 4 тоқсанында оқушылармен атқарылған іс-шаралар мен ашық сабақтар

1. 5 сәуір күні топ тәрбиешісі Ибрагим Әйгерім «**Құстар\_ біздің досымыз**» тақырыбы аясында видеоролик түсірді. Мақсаты:Құстар, соның ішінде жыл құстары туралы түсінік беру, құстардың тіршілігі туралы баяндау. Құстар туралы жұмбақтар шешу арқылы қызығушылығын арттыру, құстарды қорғауға деген сезімін арттыруға жетелеу. Оқушыларға экологиялық тәрбие беру, яғни құстарды қорғауға, оларға тиіспеуге, ұя жасап қарсы алуға тәрбиелеу.

2. 2 сәуір – **Халықаралық балалар кітабы күні** 📖 Кітап әр адамның сауалына жауап беруде бар

нұрын құятыны сөзсіз. Ол барлық мәселені шешіп, алға жылжуға мүмкіндік береді. 2 сәуір – балалар жазушысы, ақын әрі ертегіші Ганс Христиан Андерсеннің туған күні. Дәл осы күн Халықаралық балалар кітабы күні болып белгіленген. Мектеп- интернатымызда кітапханашы Ділдабекова Ақерке мен тәлімгер Төлеп Шолпанның бірігуімен кішкентай оқырмандардың бойында отансүйгіштік, білім құмарлық, кітап оқуға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу мақсатындағы балаларға арналған кітапханалық сабағын ұйымдастырды.



3. 12 сәуір күні топ тәрбиешілері Байлова Жанар мен Төлеп Шолпан «Жер кіндігі Байқоңыр» атты тәрбие сағаты өткізді.

🌱 Мақсаты:

- 🔹 Оқушыларға ғарыш әлемі, қазақ ғарышкерлері жайлы түсінік беру.
- 🔹 Оқушылардың ой-өрісін дамыта отырып, таным деңгейлерін кеңейту.
- 🔹 Ғарышкерлерге деген сүйіспеншілік пен қызығушылыққа тәрбиелеу.
- ✅ Сабақ барысында оқушылар түрлі тапсырмалар орындады.



4. 12 сәуір күні мектеп тәлімгерлері мен кітапханшының ұйымдастыруымен Ғарышкерлер күніне орай мерекелік шара өткізілді.

🌱 Мақсаты:

- 🔹 а) білімділік: Оқушыларға ғарыш туралы жан - жақты білім беру. Соның ішінде күн жүйесінің құрамына кіретін аспан денелерін, галактика неден тұратынын, ғарыштан алынған ақпараттардың шаруашылық үшін маңызын жете түсіндіру;
- 🔹 ә) дамытушылық: оқушылардың дүниетанымын кеңейту, шығармашылығын шындай түсу.
- 🔹 б) тәрбиелігі: оқушыларды зерделілікке, ынтымақтастыққа, ізденімпаздыққа, таланттылыққа тәрбиелеу.

✅ Шара барысында оқушылар әдеби монтаждарын айтып, сұрақтарға жауап берді.



5. «Оқушылар арасында вейп тұтынудың алдын –алу» тақырыбында

іс-шара өткізілді.

✓ Аталған іс-шараға мектеп психологы А.Ж.Елдесбева мен тәрбие ісі-жөніндегі орынбасары Б.Ә.Әлменбетова, Қызылорда қалалық полиция басқармасының ЖПҚБ ЮПБ ювеналды полиция бөлімшелік учаскелік полиция инспекторы Артықбаева Еркебала Сапарқызы қатысты.

✓ Мақсаты: Электронды темекінің ағзаға тигізетін кері әсерін және одан туындайтын ауру түрлерін айта отырып, зиян әсерін ашу.

✓ Салауатты өмір салтын қалыптастыру, жат қылықтан аулақ болуға тәрбиелеу.

Оқушылардың өмірге, әсіресе адамзат ұрпағына деген аяушылық сезімін, аурудың алдын-алуды үйрету, жаман әдеттен бойларын аулақ ұстауын, оқушының санитарлық-гигиеналық талаптарға сай болуын қалыптастыру, дамыту.

Еліміздің болашағы жастардың қолында екенін айта отырып, болашаққа деген көзқарасын қалыптастыру.

✓ Қызылорда қалалық полиция басқармасының ЖПҚБ ЮПБ ювеналды полиция бөлімшелік учаскелік полиция инспекторы Артықбаева Еркебала Сапарқызы өсіп келе жатқан жастар арасында никотинге қарсы тақырып өзекті екенін, темекі шегудің зияны, сондай-ақ созылмалы емделмейтін аурулардың даму қаупі факторы ретінде вейптің зияны туралы толық мәлімет берді. Педагог-психолог А.Ж.Елдесбаева «Вейптен бас тартудың 10 себебі» буклеттерін оқушыларға таратып, вейп адам денсаулығына зиянды екенін айтып ескертті. Тәрбие ісі-жөніндегі орынбасары Б.Ә.Әлменбетова мектеп оқушыларының арасында вейптің кең таралуы, вейптің түрлі хош иістенгіштері шайырдың, маракуйя, манго сынды жемістердің дәмі қызықтыратынын айта келе, вейп шегу оқушылардың жүйке жүйесіне кері әсері денсаулыққа зиян екенін атап қорытындылады.



6. 2024 жылдың 18 сәуір күні А. Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінде XIX республикалық «Жұлдызай-2024» балалар шығармашылығы конкурсы - фестивалінің

облыстық кезеңі бойынша қорытынды концертті өтті. «VI Жұлдызай» Корпоративтік Қоры биыл өзінің 20 жылдық мерейтойын атап өтуде. Айтулы мерейтойға орай, "Жұлдызай" фестивалін облыс көлемінде ұйымдастырып, жоғары деңгейде өтуіне ат салысқан біршама білім саласының қызметкерлері марапатталды. Әділқазылар алқасының шешімімен:

"Би" жанры бойынша:

1. "Жұлдыздар" бишілер тобы "Гүлдер бағы" биімен жүлделі 🏆 I орын;

2. "Жас таланттылар" бишілер тобы "Ковбой" биімен жүлделі 🥈 II орын иеленді.

Конкурстың қорытындысы бойынша қатысушыларға дипломдар, сертификаттар және естелік сыйлықтар табыс етіледі.

Облыстық кезеңнің қорытындысы бойынша жүлделі I орынға ие болған "Жұлдыздар" тобы 2024 жылғы I маусымда Астана қаласына өтетін XIX республикалық «Жұлдызай-2024» балалар шығармашылығы конкурсы - фестиваліне қатысуға жолдама жеңіп алды.



7. 22 сәуір күні Ерсатова Нұржайна «**Біз көктемді қарсы аламыз**» ашық тәрбие сағатын өткізді. Мақсаты: Көктем мезгілін сипаттау, балаларды табиғат ерекшеліктерімен өзгерістерін бақылау арқылы тілдерін дамыту. Табиғатты аялауға, қамқор бола білуге тәрбиелу. Шығармашылық қабілетін дамыту.



8. 22 сәуір күні тәрбиеші Қаниева Лаззат «**Көңілді пішіндер**» ашық тәрбие сағатын өткізді. Мақсаты: Балаларға пішіндер, және олардың түстері туралы түсініктерін бекіту. Міндеті: 1. Білімділік: Дидактикалық ойындар арқылы геометриялық пішіндерді бір-бірінен ажырату, ой-қиялын, есте сақтау, шығармашылық қабілеттерін жетілдіру, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. 2. Дамытушылық: Өздігімен жұмыс істеуге машықтандыру, байқампаздығын дамыту. 3. Тәрбиелік: Ұқыптылыққа, тиянақтылыққа, ұжыммен жұмыс істеуге тәрбиелу.



9. 22 сәуір күні «**Бала деп соққан бауырмал жүрек**» .Әлімбаевтың әңгімесінен танымдық сабағын өткізді.

**Сабақтың мақсаты:** М. Әлімбаев туралы білімдерін кеңейту, балаларға арналған шығармалары,

олардың жазылу тарихымен таныстыру.



М.Әлімбаевтың «балалар ақыны» екенін таныту.



10. 22 сәуір күні тәрбиеші Жанғозиев Самат «Математика еліне саяхат» атты ашық тәрбие сағатын өткізді. Мақсаты: Білімдерін пысықтау, жылдам ойлауға, логикалық ойлау қабілетін дамыту.



11. 23 сәуір күні тәрбиеші Бисембаева Гүлнұр «Жолы болсын әркімнің, орында жол тәртібін» ашық тәрбие сағатын өткізді. Мақсаты: Жолда жүру ережесін есте сақтауға, оқушыларға жол белгілерінің түрлерін, жол белгілерінің атқаратын қызметі қандай екенін үйрету; есте сақтау қабілетін, қызығушылықтарын арттыру, борлығымызғы қойылған тәртіпті бұзбауға тәрбиелеу. Жолда жүру мәдениетіне үйретіп, сақтыққа, зейінділікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.



12. 23 сәуір күні тәрбиеші Боранбаева Айгүл «Ұшқыр ой мен шешен тіл» интеллектуалды сайысын өткізді. Мақсаты: Оқушыларды өз бетінше ізденуге, ойларын еркін жеткізе білуге үйрету. Ой - өрісін, тілін, ойлау қабілетін дамыту. Шығармашыл белсенді тұлға тәрбиелеу.




13. 23 сәуір күні тәрбиеші Жоламанова Шынар «Дос болайық бәріміз» атты ашық тәрбие сағатын өткізді. Мақсаты: «Достық» құндылығы туралы түсініктерін одан әрі жетілдіру. Өзара сыйластық, достық, сүйіспеншілік туралы түсінік беру. Өзара сыйластық қарым-қатынастарын дамыту. Бір бірімен тату, дос болуға тәрбиелеу.

14. 23 сәуір күні тәрбиеші Ибрагим Әйгерім «Дәрумендер» атты ашық тәрбие сағатын өткізді. Мақсаты: Балаларға дәрумендер туралы және оның денсаулыққа тигізетін пайдасы жайында түсінік беру, логикалық ой – өрісін, тілін дамыту, сөздік қорларын молайту. Балалардың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру. Баланың ой қиялын, зейінін, шығармашылық қабілетін, сөздік қорын жетілдіру. Жемістер мен көкөністердің дәруменге бай екенін, денсаулыққа пайдасын түсіндіру, табиғатты сүюге, аялауға, қорғауға тәрбиелеу.



15. 23 сәуір күні тәрбиеші Мейзамова Гүлзира «Денсаулық-зор байлық» эстафеталық сайыс өткізді. Мақсаты: Салауатты өмір салтын сақтау, дені сау, рухы таза ұрпақ тәрбиелеу. Берілген жан-жақты дамытатын жаттығуларды, негізгі қимылды сапалы, дұрыс орындай білуге дағдысын қалыптастыру. Қимыл-қозғалыс арқылы баланың қиялын, ойлау қабілетін арттыру, тазалық бұйымдарымен таныстыруды жалғастыру, балаларды таза жүруге, берілген тапсырманы ынтымақтастықпен білуге үйрету.



16. 23 сәуір күні тәрбиеші Омаров Талант «Теңге-ұлттық қазынам» ашық тәрбие сағатын өткізді. Мақсаты: Оқушыларды тәуелсіз еліміздің ең бірінші айрықша белгісі — теңгемен таныстыру, төл теңгеміздің шығу тарихы, айналымға ену кезі туралы мағлұматтар беру. Оқушылардың бойына елімізге деген ыстық сүйіспеншілікті, мақтанышты сіңірту. Елін, жерін сүйіп құрмет ұтатын жас жеткіншектерді елжандылыққа тәрбиелеу.



17. 30 сәуір күні 1-мамыр Қазақстан халықтар бірлігі мен достығы мерекесіне №7 арнайы түзету мектеп-интернаты оқушылары мен тәрбиешілер ұйымдастырылған «Достығымыз жарасқан» мерекелік іс-шара өткізілді. Мақсаты: Оқушыларға басқа ұлт өкілдерінің мәдениетін, әдет-ғұрпын сыйлауға үйрету. Ынтымақтастыққа, достыққа, өз Отанын сүюге патриоттыққа тәрбиелеу. Оқушылар этно-үлгідегі киімдерімен ән салып, билеп, ұлттардың мәдениетімен танысты.



18.

7 мамыр - Отан қорғаушылар күніне орай тәрбиеші Боранбаева А. Нәлібаева Г. және тәлімгерлердің ұйымдастыруымен «Ешкім де ештеңе де ұмытылмайды» тақырыбында сурет салу байқауы өткізілді.

Мақсаты: Балаларға соғыс кезеңдері туралы қысқаша мағлұмат беру. Отан үшін жан қиған аталар мен апалардың, қазіргі таңдағы арамызда жүрген ардагерлеріміздің ерліктерін үлгі ете отырып, оларды құрметтеуге тәрбиелеу. Отансүйгіштікке, елжандылыққа, батылдыққа шыншылдыққа баулу. Байқауда оқушылар орындармен марапатталып, патриоттық әндер айтылды.



19. Мамыр айының 18 жұлдызында Шымкент қаласында өткізілген «ДАРЫНДЫ ЖҰЛДЫЗДАР» II Халықаралық өнер байқауынан 🇷🇺 «Хореография» номинациясы бойынша ерекше де өнерпаз балаларымыз 🏆 Гран при жүлдесін жеңіп алды және жуырда 🇹🇷 Түркия мемлекеті Ыстанбұл қаласында өтетін «Ірек yolu» халықаралық балалар фестиваліне жолдама ұтып алды. Жетекшісі: Каренева Гүлзира, Төлеп Шолпан



20. Мектеп бітіуші түлектер сынып жетекшісі және тәрбиешілерімен бірігіп интернатымыздың көркейуіне өз үлестерін қосып, ауламызға өз қолдарымен жеміс ағаштарын отырғызды. 💎 Ағаштың

рухани пайдасы зор. Біріншіден оны еккен адам баласына үлкен сауап болса, екіншіден таза ауа және желді аймақтарға әкелер пайдасы мол



21. Жаңа жұлдыз" шығармашылық фестивалі ♦ Мамыр айының 23 жұлдызында "Мажкен" балаларға арналған спорттық-шығармашылық орталығының ұйымдастыруымен ерекше білімді қажет ететін балалар арасында «Жаңа жұлды» шығармашылық фестивалі өтті. Фестивальде жақсы өнер көрсеткен оқушыларымыз орталықтың алғыс хаттарымен марапатталды.



22. 24 мамыр күні 9-сынып оқушылары үшін "Білімім-Отаным" атты бірыңғай сынып сағаты өтті. Сынып сағаты барысында мектеп-интернат директоры Перизат Алмашқызы бітіруші түлектерге жылы лебізін білдіріп, үздік әрі белсенді оқушыларды марапаттады.



I. Мектеп-интернаттың 2024-2025 оқу жылына құрылған тәрбие жоспары бойынша жоспарланған іс-шаралар бойынша ай сайын жоспар жасалып, жоспарланған жұмыстар орындалып отырды. Тәрбиешілердің күнтізбелік-тақырыптық жоспарларына енген тәрбие сағаттары, мерекелік іс-шаралар жоспарға сай жүргізіліп отырды.

2024-2025 оқу жылының 2 тоқсанында оқушылармен атқарылған іс-шаралар мен ашық сабақтар

1. 5 қараша күні Ғалия Нұртазаева мен Гүлжан Байжанова жоғарғы топ оқушыларымен "Еңбек өмірдің мәні" атты тәрбие сағатын өткізді.

◆ Мақсаты : еңбектің адам өміріндегі мәні туралы түсінік беру; еңбек етуге қызығушылықтарын дамыту; еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Балаларға еңбек туралы мақал -мәтелдер айтқызып, жұмбақтар шешілді. Еңбек тақырыбына салынған суреттері бойынша әңгімеледі.



2. 8 қараш күні тәрбиешілері Нәлібаева Құлшара жоғары топ оқушыларымен "Туған жер" атты тәрбие сағатын өткізді.

✔ Мақсаты: Туған ел, туған жердің адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіру; Туған жерін сүйуге, қадірлеуге, әдемілікке тәрбиелеу;

✔ Туған жердің адам өміріндегі маңыздылығын түсіндіру. Әрбір адам өзі туып өскен мекенін құрметтеп, оған қамқоршы бола білуі керек. Балаларға туған жер жайлы түсінік берілді. Балалар туған жердің ғажайып көркін сезіну мақсатында "Күн мен гүлдер" шағын көрініс көрсетті; оқушылар сұрақ қою арқылы еліміздің көрікті жерлерімен танысты; "Ойды толықтыр" тапсырмасын орындады; "Біз табиғатқа не бере аламыз?", "Табиғат бізге не береді?" оқушылар топпен жұмыс жасап, "Жүректен -жүрекке" балалар мен туған жерді сүйемін, өйткені..... сөйлемдерді өз ойларымен жалғастырып сабақты қорытындылады.



3. 15 қараша ұлттық валюта күніне орай тәрбиеші А.Сағындықова "Теңге- ұлттық қазынам" тақырыбында тәрбие сағатын өткізді. ✔ Мақсаты: Ақшаның пайда болу тарихы, өз ұлттық теңгенің айналымға кіруі, авторлары жайлы мағұлмат беру. Басқа ел валюталарымен таныстыру. Оқушылардың ақша туралы түсініктерін кеңейту, еліміздің жеткен жетістіктеріне мақтаныш сезімін ояту. Оқушылар сабаққа жақсы көңіл күймен белсенділік танытып, қызығушылықпен қатысты. Тақырыпты пысықтау мақсатында "Теңге ілу" "Дүкен" ойындары ойнатылып, оқушылар тақырып бойынша қойылған сұрақтарға толық жауап беріп, кері байланыс орнатылды.



4. 18 қараша күні Мектебіміздің тәрбиешісі Ерсатова Нұржайна Ұлттық "Бестас" ойыны тақырыбында сабақ өтті.

Мақсаты: Ұлттық салт-дәстүрге орай көне дәуірден келе жатқан, қазақ халқының ұлттық ойынын мағынасын үйрету, түсіндіру. "Бестас" ойыны туралы қызбалаларға ойнау ережесін түсіндіре отырып, икемділікті арттырып, ой-өрісін дамыту, ептілікке үйретуге бағыт-бағдар берілді.



5.18 қараша тәрбиешілердің "Ұлттық тәрбие - ұлт болашағы" апталығы болып өтті.

Апталықтың мақсаты: дені сау, ұлттық сана сезімі оянған, рухани ойлау мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол еңбекқор, іскер бойында басқа да игі қасиеттері қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеу.

Апталықтың ашылуы

"Бір мақал-бір бауырсақ"

ойынымен келген қызметкерлерді, ата - аналарды және оқушыларды ыстық бауырсақпен бір мақал айту арқылы қарсы алды. Ұлттық нақыштағы безендірулер болды.

Апталықтың ашылу барысында ұлттық құндылықтарға тоқталып, осы апталықтың бағдарламаларымен таныстырылды. Тәрбиешілердің құрамынан құралған шағын домбырашылар ансамблінің орындауында халық күйі "Келіншек" күмбірлеп тартылып, керемет көңіл күй сыйланды. Әрі қарай апталықтың ашылуы сонымен бірге әр қызметкерлерге ұлттық құндылыққа байланысты сұрақтар қойылып, қоржындағы қазақ нақыштағы сыйлықтар табысталды. Және де апталықтың ашылуы қазақтың бай дастархандағы тәтті тағамдарынан дәм татып, қызметкерлер ерекше көңіл күйде болды.



6. 18 қараша күні тәрбиешісі Нұртазаева Ғалия апталықтың аясында Б.Соқпақбаевтың 100 жылдығына орай "Менің атым Қожа" тақырыбында шығармашылық іс шара өтті. Балалар әдебиетінің жазушысы Бердібек Соқпақбаев. Жазушының шығармаларына шолу жасалды. "Менің атым Қожа" повесі 68 тілге аударылған. Іс шара барысында балалар көрініс қойды. Қонақтармен біріге отырып ойын да болды. Жазушының "Менің атым - Қожа" шығармасы бойынша түсірілген фильмді оқушылар тамашалап, талдау жұмыстары жүргізді. Басты кейіпкер Қожаға және оның іс-әрекетіне, адамдармен қарым-қатынасына мінездеме беріп, тақырып аясында қойылған сұрақтарға жауап берді.



7. "Ұлттық тәрбие - ұлт болашағы" тақырыбында өтіп жатқан тәрбиешілер апталығы аясында 2024 жылдың 19 қарашасы күні тәрбиеші Омаров Талант үзіліс уақытында " Аспапты дауысынан таны " тақырыбында " Көңілді үзіліс " өтті.

- ✓ Мақсаты: - Оқушылардың білім - таным дағдыларын қалыптастыру;
- Қазақтың ұлттық аспаптарын еске түсіріп, келешек ұрпақтың жадында мәңгі сақтау;
- ұлттық құндылықтарды бойына сіңіру;
- ✓ Көңілді үзіліс аясында экраннан жасырылған әр аспаптың үнін, оқушылар жарыса тауып, күмбірлеген домбыра үнімен шырқалған әуенге " Қаражорға " биін билеп, бой сергітіп, керемет көңіл-күймен тарқасты

8. 19 қараша күні Тәрбиеші Мейзамова Гүлзира 5 сынып оқушыларының қатысуымен "Отбасым-бақыт мекені" тақырыбында ашық тәрбие сағат өтті.

✓ Мақсаты: Отбасы мүшелері мен отбасындағы сыйластық жайлы түсініктерін қалыптастыру .Отбасындағы сыйластыққа адамгершілікке инабаттылыққа тәрбиелеу.

✓ Сабақ барысында оқушылар өз отбасы жайлы әңгімеледі мақал мәтелдерді сурет арқылы тауып ,сөзжұмбақтар шешті. Сергіту сәтінде қазақтың ұлттық ойыны "сақина тастамақ" ойыны ойнатылып оқушылар сабаққа белсене қатысты .Тақырып бойынша бейнеролик көрсетіліп ,кері байланыс орнатылды



9. 20 қараша күні апталық аясында тәрбиешілердің ұйымдастыруымен "Қызанақ қалай қызарды?" сахналық қойылым болып өтті. Сахна әр түрлі шарлардан жасалған жемістер мен көкіністермен безендірілді.

✓ Мақсаты: Күз мезгілінің ерекшеліктерін түсіндіру. Күз өнімдерімен таныстыру ,олардың ағзаға пайдасын түсіндіру. Мерекелік көңіл күй орнату.

✓ Сабақ барысы қыздарымыз " Мерекелік сыйлық " биімен билеп шықты. Содан соң көкіністерге арналып тігілген киімдерімен тақырып бойынша сахналық қойылымды тапқақ айту арқылы жеткізді . Одан әрі қарай көрермен балалармен "Көкініс пе, жеміс пе?" Көкіністер мен жемістерді ажыратып, жинау.

✓ Ойынның мақсаты: Балаларға көкініс пен жемістердің пішінін, түсін атау және ажырата білу. Ертегі қойылымды балалар қызығушылықпен тыңдап қуанды және көкініс пен жемістердің адам ағзасына пайдасы бар екенін түсінді.



10. 20 қараша күні Тәрбиеші Омарова “Ұлттық тәрбие - ұлт болашағы” атты апталық аясында 5-6 сынып оқушыларына “Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ” сайысы болып өтті.

Мақсаты:

✔ Мақал-мәтелдер мен жұмбақтар арқылы ұлттық құндылықтарды насихаттау;

✔ Балалардың тіл байлығын, логикалық ойлауын және есте сақтау қабілетін дамыту.

сайыс сабақты жасанды интеллект арқылы ашып, оқушыларға “Қуанышты шеңбер” әдісімен психологиялық ахуал қалыптастырды. Ұлттық құндылықтарға негіздей отырып, қазақтың жебелері арқылы топқа бөлді. Оқушылар “Мақал-мәтел”, “Жұмбақ”, “Ойлан тап” кезеңдері бойынша сайысқа түсті.



11. "Ұлттық тәрбие-ұлт болашағы" атты апталық аясында 21 қараша күні 4ші сынып оқушыларымен тәрбиеші Боранбаева Айгүл "Әдептілік-тәрбие бастауы" тақырыбында тәрбие сағатын өтті. ✔ Мақсаты: Адам бойындағы ұнамды, ұнамсыз қылықтарды ажырата отырып, әдептілік әліппесін бойына дарыту. Оқушыларды қарапайымдылыққа, адамгершілікке, әдептілікке кішіпейілділікке жаман әдеттерден аулақ болуға үйрету сыпайылыққа тәрбиелеу. ✔ Оқушылар сабаққа жақсы көңіл күймен, қызығушылықпен қатысты. Тақырып бойынша қойылған сұрақтарға толық жауап беріп, кері байланыс орнатылды.



12. 21 қараша күні тәрбиеші Жоламанова Шынар "Ұлттық тәрбие-ұлт болашағы" атты апталық аясында 8-9 сынып оқушыларына "Тапқыр болсаң, талас жоқ" атты сайыс болып өтті. ◆ Мақсаты: Оқушыларға ұлттық құндылықтарды насихаттау, ой ұшқырлығын шыңдау, шығармашылық қиялын, логикалық ойлау қабілетін дамыту, жан жақты білімділікке, тапқырлыққа, жылдамдыққа үйрету.

◆ Сайыс сабақты "Киелі шаңырақ" әдісімен балаларды киіз үйдің шаңырағы астына біріктіріп, бір-біріне ізгі тілектер жолдаудан бастады.

◆ Ұлттық құндылықтар туралы айтылып, оқушылар екі топқа бөлінді. Сайыста "Тапқырлар" және "Алғырлар" тобы 5 кезең бойынша бақ сынады. Аталмыш сайыс барысында оқушылар ұлттық құндылықтар туралы мақал-мәтелдер, сөзжұмбақтар шешіп, асық, орамал тастау ұлттық ойындарын ойнап, ептілік пен тапқырлықтарын көрсете білді.



13. " Біртұтас тәрбие" бағдарламасы аясында "ӨНЕГЕЛІ 15 МИНУТ" жобасында 9 сынып оқушысы Сейсен Нұрданамен "Бұрымды қыз " өткізілді.

🍌 Білектей арқасында өрген бұрым, шолпысы сылдыр қағып, жүрсе ақырын. Кәмшат бөрік, ақ тамақ, қара қасты, сұлу қыздың көріп пе ең мұндай түрін?

🍌 Қазақ қызының басты сұлулығы – бұрымында. Оның ерекше қасиеті де жоқ емес. Ежелден келе жатқан салт-дәстүрімізге сай қыз бала шашын өріп, шолпы немесе шашбау тағатын болған. Осы қос бұрым көздің жауын алып, таңдай қақтыртқан. Нәзік болмысын айшықтауға көмектескен. Мұнымен қатар шаш өру – халқымызда ежелден келе жатқан өнер түрі.

14. "Ұлттық тәрбие - ұлт болашағы" тақырыбында өтіп жатқан тәрбиешілер апталығы аясында 2024 жылдың 21 қарашасы күні тәрбиеші Нәлібаева Гулшари үзіліс уақытында " Бидің сыры өрнекте" тақырыбында " Көңілді үзіліс " өтті.

Мақсаты:Қазақтың ұлттық ою-өрнектерін білуге.Ою түрлерін олардың қай жерлерде қолданатынын үйрету.Халықтың көркем өнеріне деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру.

✔Көңілді үзіліс аясында оқушылар қазақтың оюларына қарап қимылмен биледі.

15. 21 қараш күні апталықтың жабылуы өткізілді. «Білесіздер, білмейсіз» ойыны және «Бәйге» ойыны өткізілді.

16. 20 қараша-Дүниежүзілік балалар құқығын қорғау күніне орай тәлімгерлердің ұйымдастыруымен "Күннің нұры шуақты біздерменен" атты мерекелік іс-шара өткізілді. ✔ Мақсаты: Оқушылардың құқықтық білімдерін тереңдету, заң алдындағы жауапкершілікті арттыру, ұйымшылдық пен тәртіптіліктің тиімді жолдарын таба білуге баулу, саяси сауаттылыққа баулу; Оқушыларымыз өздерінің әсем әндерін шырап, кішкентай бүлдіршіндеріміз мың бұрала биледі. Мектеп басшысы Жұматова Перизат Алмашқызы балаларды мерекемен құттықтап жылы лебізін білдірді



17. 22 қараша күні Нурыллаева Ләззат "Сүт өнімдерінің пайдасы" тақырыбында тәрбие сағатын өткізді.

- ◆ Сабақтың мақсаты : оқушыларға төрт түліктен алынатын сүт өнімдері туралы айтып білімдерін жетілдіру. Олардың пайдасы туралы түсінік беру. 🍷 Балаларға сүт өнімдерін зерттеу арқылы ой өрістерін, саусақ моторикасын дамыту, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Оқушылардың сабаққа қызығушылығын арттыру мақсатында ауылға саяхат жасап ата- әжесімен қауышты. Әжелері балаларға дайындаған сүт өнімдерін ұсынды. Сабақ барысында әжесінің жасырған жұмбақ мақал - мәтелдеріне жарыса жауап беріп, ойындар ойнатылды.

18. 29 қараша күні кәмелетке толмағандардың арасында нашақорлықтың алдын алу және есірткіге қарсы имунитет қалыптастыру шаралары аясында “Нашақорлықтың алдын алу кілті” тәрбие сағаты өткізілді. 🍷 Мақсаты: Оқушының бойында салауатты өмір салтын берік қалыптастыру, жеке тұлғаның санасын дамыту, денсаулығын сақтау білуге үйрету, зиянды нәрселерден аулақ болуға тәрбиелеу, нашақорлықтың алдын алу.



19. 29 қараша күні тәрбиеші Омаров Талант 🍷 «Өмірге салауатты қадам» тақырыбында эстафеталық жарыс өткізді. Жарыстың мақсаты:

- ◆ 🍷 Табиғаттың адам баласына сыйлаған басты байлығы –денсаулықты сақтаудың басты жолдары – зиянды, жат қылықтардан аулақ болып, салауатты өмір сүру екендігін ұғындыру; Эстафеталық жарыс

5 балдық жүйемен бағаланды. Сайыстың бағдарламасы 7 кезеңнен тұрды:

- 🍷 I кезең: «Таныстыру»
- 🍷 II кезең: " Секіргіш пен доп арқылы кедергілерден өту "
- 🍷 III кезең: «Жүппен жүгіру»
- 🍷 IV кезең: « Қаппен секіру»
- 🍷 V кезең: «Навигатор».
- 🍷 VI кезең: «Эстафеталық таяқша»
- 🍷 VII кезең: «Арқан тартыс»

Эстафеталық жарыс басында тәрбиеші денсаулыққа пайдалы және зиянды заттарды таныстырып, түсіндірме жұмысын жасады.

🍷 Әріқарай оқушылар екі топқа бөлініп топ атауын "Ребус шешу" арқылы тапты.

" Сұңқар ", " Тұлпар " болып топ атауын шығарды. Сол атаумен екі топ болып сынға түсті.

🍷 Жарыс барысында қатысушылар жарыс кезеңдері бойынша командалық жұмыс көрсетіп, өздерінің шапшандықтарын, жылдамдықтарын көрсете білді.

Әділқазылар алқасының шешімімен сайыс жеңімпаздары анықталып

" Алғыс хатпен" марапатталды.



20. 3 желтоқсан күні тәлімгерлердің ұйымдастыруымен "Жастар ресурстық орталығы" ұйымдастыруымен 3-желтоқсан Халықаралық мүгедектер күні қарсаңында №7 арнайы түзету мектеп-интернатының оқушыларына арт-терапия өткізілді.

Оқушылар алдымен Жастар ресурстық орталығының жұмысымен, орталық ғимаратымен танысып, түрлі мағлұматтар алды. Бұдан кейін орталық қызметкері, арт терапия маманының сүйемелдеуімен акварель көмегімен арнайы дайындалған композицияны салып, шығармашылық эксперимент жасады. Оқушылар арт-терапия барысында орталық маманымен кері байланыс орнатты.



21. 1 желтоқсан күні "Құқық бұзушылық және жауапкершілік" тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.

Тәрбие сағатымызға Қызылорда ҚПБ ЖПҚБ ЮПБ УПИ полиция майоры Алдонгаров Сабит Саттибаевич қатысты.

Мақсаты: білім алушыларға құқық бұзушылықтың мәнін түсіндіру. Құқық бұзушылықтың түрлерімен таныстыру арқылы заң сыйлағыш тұлғаны қалыптастыру.

Оқушыларға құқық бұзушылық заңға қайшы әрекеттер екені түсіндіріліп, жаман әдеттерден аулақ болуға шақырды. Оқушылар өздерінің сұрақтарын қойып, көптеген мәліметтер алды.

22. 12 желтоқсан күні тәрбиешілері Жанғозиев Самат және Боташева Мария "Тәуелсіздік деп соғады жүрегіміз" атты тәрбие сағатын өткізді. Мақсаты: а) Оқушыларға еліміздің қысқаша тарихы туралы мағлұмат беру. Өткен тарихымызға деген ұлттық қалыптастыру және Отанымыз Қазақстанды өркендетуге білімді азаматтар керек екенін түсіндіру.

Сабақ барысында оқушылар өздерінің әдеби монтаждарын айтып, ұяшық бойынша сұрақтарға қызығушылықпен жауап беріп, түрлі қызықты тапсырмалар берілді. Оқушылар сабаққа белсене қатысты.



23. 13 желтоқсан күні тәрбиешілері Айбар Хундас, Нәлібаева Гулшара 3"а" сынып оқушыларымен "Тәуелсіздік тұғырым" атты үстел үсті ойынын өткізді.

Мақсаты: оқушыларға Мемлекетіміздің Туын таныстыру. Түсін ажыратуға үйрету.

Ой-өрісін, зейінін, есте сақтау қабілетін дамыту. Ойын арқылы ұсақ қол моторикасын дамыту.

📌 Үстел үсті ойын барысында балаларға Еліміздің рәміздері бейнеленген карталар, липучкамен жасалған карталар, ұлттық накыштағы ою өренектердің “жартысын тап” тапсырмалары берілді. Балалар өз деңгейінде орындап шықты.



24. 13 желтоқсан 2024 жылы "Лудомания-құмар ойындардың зияны" тақырыбында алдын алу, ағартушылық іс-шара өткізілді. 📌 Мақсаты:

📌 Оқушыларға құмар ойындары деген не, оған адам қалай тәуелді болады және оның зардабының қандай болатынын түсіндіре отырып, олардың құмар ойындарына қарсы білімдерін жетілдіру.

📌 Іс-шараға Директордың тәрбие ісі орынбасары Б.Ә.Әлменбетова, Қызылорда ҚІБ ЖҚІБ ЮІБ УІІ полиция майоры С.С.Алдонгаров қатысты. Мектеп педагог-психологы А.Елдесбаева оқушыларға лудоманияны дерт ретінде Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ресми түрде мойындағаны, адамның мінез-құлқындағы құмар ойындарға тәуелділікті көрсететін белгілерді атап өтті. Іс-шарада майор С.Алдонгаров лудоманияның қоғамға төндіретін қаупі туралы, құмар ойынның салдарынан шарасыз күйге түскендер құқық бұзушылыққа, өз-өзіне қол жұмсауға дейін баратынын түсіндіріп өтті.



25. 9 желтоқсанында мектеп-интернатта «Кім болам» тақырыбында ашық тәрбие сағаты өткізілді. Мектеп-интернат тәрбиешісі Г. Нұртазаеваның ұйымдастыруымен өткізілген тәрбие сағаты 9-сынып оқушыларына өткізілді. 📌 Мақсаты: оқушылардың ойлау қабілеттерін дамытып, болашақ мамандықтарына деген қызығушылықтарын ояту .

📌 Тәрбие сағатының барысында арнайы бейнеролик көрсетілді. Қаладағы Ықсанов атындағы колледжге оқушылармен бірге саяхат жасалды.

26. 19 желтоқсан күні Қызылорда қаласы №7 түзету мектеп-интернатының тәрбиешісі Ш.Жоламанова "Темекі тарту-денсаулықты құрту" тақырыбында тәрбие сағатын өтті.

📌 Мақсаты: Оқушыларда темекінің зияны туралы түсінік қалыптастыру, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу.

📌 Тәрбиелік: Шылым шегудің зияды жақтарын аша отырып, сақтану жолдарын ұжым боп жұмыс істеуге, бірін-бірі тәрбиелеуге үйрету, денсаулығын сақтауға жауапкершіліктерін ояту.

📌 Тәрбие сағаты барысында оқушыларға темекі шегудің адам денсаулығына зиянды жақтары мен оның әлеуметтік, психологиялық және экономикалық тұрғыдан кері әсері туралы кеңінен түсінік берілді.



27. 24 желтоқсан күні тәрбиеші Нәлібаева Гулшари оқушыларға «Жолда жүру ережесін сақтаймыз!» тақырыбында ашық тәрбие сағатын өткізді. Мақсаты:

1. Балаларды жолда жүру ережесімен таныстыру.
2. Жол қауіпсіздігін есте сақтауға, білуге жол ережесінің белгілерімен таныстыру.
3. Балаларды көшеде дұрыс жүріп, жол ережесін сақтауға тәрбиелеу.

Оқушыларға жолда жүру тәртібін үйретіп, жол белгілер туралы түсініктер берілді.



27. 7 арнайы түзету мектеп-интернатында „Жарқырасын шыршамыздың шамдары,, атты мерекелік шырша болып өтті.

✓ Мерекелік шыршаны мектеп директоры П.Жуматова құттықтау сөзімен басап, Жаңа жылға жақсы тілектерін жолдады.

Барша балалардың тағатсыздана күтетін мерекесі, шыршамыздың басты қонақтары Аяз ата мен Ақша қарды қуана қарсы алумен басталды.

✓ Мерекелік кеште ертегі кейіпкері Алладиннің сыбызғысының әуеніне сызылта билеп, „жылан,, сиқырлы қораптан жаңа 2025 жылды өзімен бірге алып келіп балаларды ертегі әлеміне ендіре түсті.

✓ Әсем шырша айналасы балалардың шат күлкісіне бөленіп, көптеген ертегі кейіпкерлермен толыса түсті. Аяз ата мен Ақша қарға өз өнерлерін көрсетіп сыйлықтар алды.

28. 26 желтоқсан күні №7 арнайы түзету мектеп-интернат 5-9 сынып оқушылары "Кел Жаңа жыл қуантып" атты мерекелік шыршасын атап өтті.

🌟 Мерекелік шыршаны әдеттегідей мектеп директоры П.Жуматова құттықтау сөзімен бастап, Жаңа жылдық тілегін білдірді.

🌟 Ата-аналар мен келген қонақтарға мектебіміздің биылғы жылғы жеткен жетістіктерін атап өтіп, алдағы уақыттада жетістіктер жалғасын табатынына сенімін білдірді.

🌟 Мерекелік кеште ертегі кейіпкерлерінің қойылымы көрсетіліп, түрлі қызықты ойындар ойнатылды. Балалар өз өнерлерін көрсетіп, ән айтып, би биледі.

🌟 Дәстүр бойынша балалар Аяз ата мен Ақша қардан сыйлықтар алды.

❖ "Қуанса бала қуансын" деген керемет сөз бар, міне осындай Жаңа жыл қарсаңында сыйлықтармен демеушілік жасаған кәсіпкерлерге ризашылығымызды білдірем



I. Мектеп-интернатың 2024-2025 оқу жылына құрылған тәрбие жоспары бойынша жоспарланған іс-шаралар бойынша ай сайын жоспар жасалып, жоспарланған жұмыстар орындалып отырды. Тәрбиешілердің күнтізбелік-тақырыптық жоспарларына енген тәрбие сағаттары, мерекелік іс-шаралар жоспарға сай жүргізіліп отырды.

2024-2025 оқу жылының 3 тоқсанында оқушылармен атқарылған іс-шаралар мен ашық сабақтар  
1. 2025 жылдың 16-шы қаңтары күні №7 мектеп-интернатының тәрбиешісі Алмағамбетова Жанар 4-сынып оқушыларымен «Қыс мезгілі қызықты» тақырыбында ашық тәрбие сағатын өткізді.

📌 **Мақсаты:** Балалардың танымдық қызығушылығын арттыру. Жыл мезгілдерін ажыратып, құбылыстарына зер салу. Табиғат, қыс әлемі туралы білімдерін тереңдету.

📌 **Тәрбиелік:** Эстетикалық, экологиялық тәрбие беру. Табиғат құбылысының әсемдігін көре білуге, қабылдауға, қамқорлық жасауға баулу. Табиғатты сүйуге, еңбекке тәрбиелеу.

❖ Сабақ барысында балалар төрт жыл мезгілі туралы әңгімелеп, сұрақ-жауап әдісі арқылы қыс мезгілін суреттеді.

🔗 Сондай-ақ, қардың құрамына тоқталып, қызықты мәліметтер берілді. Қыс мезгіліндегі қауіпсіздік ережелері туралы бейнеролик көрсетіліп, оқушылар интербелсенді тақтамен тапсырмалар орындады.

🔗 Сергіту сәтінде ептілікке баулитын «Қар ұрыспақ» ойыны ойнатылып, ұжымдық жұмыста аққала құрастырды. ❖ Деңгейлік жеке тапсырмалар беріліп, «Көңілді математика» айдары бойынша тақтаға есептер шығарды.

Сабақ соңында Аққала «Білім сандығымен» қонаққа келіп, тақырыпқа байланысты сұрақтарымен сабақты бекіте түсті. Балалар Аққалаға ән айтып, би билеп сыйлықтар алып, қуана тарқасты.



2. 27 қаңтар тәрбиеші А. Сағындықова "Мемлекеттік рәміздер-мақтанышым" тақырыбында тәрбие сағат өткізді


📌 **Мақсаты:**


Оқушыларға Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы мағлұмат беру.





Отанға деген сүйіспеншілікті, патриоттық сезімді қалыптастыру.


Рәміздерді құрметтеуге және олардың мән-мағынасын түсінуге баулу.





3. 10 ақпан күні  тәрбиеші Майхиева Гулдана “Мен рәміздеріммен мақтанам” атты тәрбие сағатын өткізді.



 Мақсаты:

-  Оқушыларға мемлекеттік рәміздердің авторларын таныстыру.
-  Оқушылардың мемлекеттік нышандарды оқып- үйренуде өзіндік дағды қалыптастыра отырып сөздік қоры мен тіл байлықтарын арттыру қабілеттерін дамыту.
-  Оқушыларды Отан сүйгіштікке, адалдыққа, адамгершілікке, мемлекеттік рәміздерді қастерлеуге, құрметтеуге тәрбиелеу.
-  Сонымен қатар білім алушыларға еліміздің рәміздерінің авторлары туралы мағлұмат берілді. “Рәміздерім мақтанышым” тақырыбында оқушылар түрлі суреттер салды.



4. 3 ақпаны күні  №7 түзету мектеп-интернатының тәрбиешілері  Ф. Нұртазаева мен Ш.Жоламанова “Мен тандаған мамандық” тақырыбында дөңгелек үстел өткізді.

 Мақсаты:

-  Оқушыларға мамандық таңдаудағы түсініктерін кеңейтіп, мамандықтарға деген ынта-ықыласын, қызығушылықтарын арттыру. Мамандық құндылығы туралы түсінік беру. Мамандық таңдауда оң шешім қабылдауға, еңбек қуанышын сезінуге, өзінің бойындағы қасиетін тани білуге үйрету.
-  Дөңгелек үстелге С. Ысқақов атындағы Қызылорда құрылыс және бизнес колледжінің арнайы мамандары Жұптыбаева Айгүл мен Сентаева Гүлнұр қатысып, бітіруші түлектерге болашақ мамандық таңдауда бағыт-бағдар беріп, өз кеңестерімен бөлісті. Сондай-ақ, ата-аналар қауымы да көкейде жүрген сұрақтарына жауап алды. Осы мектепті бұрын бітіріп, қазір әр салада жұмыс жасап жүрген шәкірттер де қатысып, өз ұстаздары мен тәрбиешілеріне алғыс айтып, жылы лебіздерін жолдады. Тақырыпқа орай бейнеролик көрсетіліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.



5. Ағымдағы жылдың 7 ақпан күні «Жыл тәрбиешісі – 2025» байқауы өтілді.

Сайыс кезеңдері

1. Өз – өзін таныстыру. (креативті )
2. Ашық тәрбие сағаты. (панорамалық сабақ)
3. Менің жұмыс бір күнім немесе менің педагогикалық шеберханам. (бейнебаян)
4. Үй тапсырмасы. (көрнекілік жасау)
5. Мақал – мәтел, ситуациялық сұрақтар.

Байқауда Омаров Талант «Жыл тәрбиешісі – 2025» иеленді. Қалған тәрбиешілер номинациялармен және сыйлықтармен марапатталды.



6. 17 ақпан күні Әбділда Тәжібаев атындағы әмбебап ғылыми кітапханасында өткізілген «Этюд» кескіндеме және дизайн арт-студиясы жүннен киіз басу техникасы көрсетілген шеберлік сабағына қатысты.

Халқымыздың ұлттық өнерін қастерлеуге, қолөнерін құрметтеуге тәрбиелеу мақсатында балаларды ұқыптылыққа, тиянақтылыққа баулып, жүннен киіз басу арқылы әсемдікке үйрету.

Сабақ барысында жетекші Абуова Баян жүн талшықтарын араластыру және өзара ену үшін сабын ерітіндісін пайдалана отырып ылғалды киіз басудың негізгі тәсілдерін көрсет.

7. Президентіміз Қ.К.Тоқаев өз жолдауында «2025 жыл - Жұмысшылар жылы» деп атап өткеніндей 2025 жылдың 19 ақпан күні

N7 арнайы мектеп интернатының ұйымдастырумен жасалған "Еңбек адал, жас өрен" жобасы бойынша, "Жақсылық жасап жарысайық" атты қамқорлық бағытын қолдау мақсатында облысымыздың "Тазалық-көркейту" аясында жұмыс жасап жүрген аға, аналарымызға интернатымыздың балалары өз қолдарымен жасаған қолөнер бұйымдарын шынайы жүректерімен сыйға тартты.

Балалардың жасаған ізгі ниет өнегелі істеріне жұмысшы аға, апалар риза болып, алғыстарын білдірді.Осындай іс-шараны жүргізу барысында оқушыларымыз үлкендеріміздің адал еңбегін құрметтеп,дәріптеудің маңыздылығын кеңінен түсінді.



8. 6 наурыз күні Халықаралық әйелдер күніне арналған тақырыбы: “Арулар-асыл жандар”мерекелік іс-шара ата-аналармен бірге өтілді

Мақсаты: Отбасы ынтымақтастығын дамыту, әкенің бала тәрбиесіндегі рөлі мен белсенділігін арттыру. Ата-аналарды мектеппен, қоғамдық ұйымдармен өзара белсенді әрекет етуге тарта отырып, қазақстандық ұлтжанды, төзімді, рухани құнды, сапалы Әкелеріміз бен жұмыс барысы: тапсырмалар үй жағдайында баламен қалай жұмыс жасауға болады және үйімізден табылатын қарапайым

құралдарды көрнекілік ретінде пайдалану ,балаларымыздың жалпы моторикасын,сөйлеу қабілеттерін,ой-өрісін дамыту.Сенсорлық қабылдауды белсендірубілімді, саналы тәрбиелі, салауатты, рух-жігері шындалған, белсенді тұлға қалыптастыру.



9. 17 наурыз күні мектеп-интернат тәрбиеленушілері арасында «Шымырлық пен шеберлік» атты ұлттық ойындар жарысы болып өтті.

📌 Мақсаты:

- ◆ Қазақтың ұлттық ойындары арқылы оқушыларға қазақтың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпын, туған елге,жерге, өз Отанына деген сезімдерін арттыру
- ◆ Оқушыларды қазақтың ұлттық ойындарымен таныстыра отырып ойынның шартын бұзбай ойнауға үйрету
- ◆ Ойын ойнау барысында оқушылардың ойлау,есте сақтау қабілеттерін ойын кезінде саусақ қол моторикасын дамыту, ұлттық ойындар арқылы ұлттық құндылықтарды дәріптеу.

📌 Жарысқа орта және жоғары сынып оқушылары, сынып мұғалімдері мен топ тәрбиешілері «Сұңқар», «Тұлпар», «Жігер», «Жалын» топтарға бөліну арқылы қатысты.

Жарыс 5 кезеңді қамтыды.

I кезең- «Тымақ ұру» ұлттық ойыны

II кезең- «Желке тартыс» ұлттық ойыны

III кезең «Қол күресі» ұлттық ойыны

IV кезең – «Арқан тартыс» ұлттық ойыны

V кезең – «Бес тас» ұлттық ойыны болып табылды.

📌 Әр ойын соңында әділ қазылар алқасы өз бағаларын беріп есепке алып отырды. Қазақ халқының ұлттық ойындарының тек ойын ғана емес ,сонымен қатар халқымыздың қанына сіңген өршілдік пен тектіліктің дәлелі екенін айқындады. Жарыс соңында әділ қазылар алқасы ұпайлар санын сараптай келе төмендегі жүлдегерлерді жариялады.

🏆 1 орын – «Сұңқар»,

🏆 2 орын – «Жігер»

🏆 3 орын – «Тұлпар», және «Жалын» тобы

📌 Жарыс тартысты әрі қызықты және көтеріңкі көңіл күйде өтті.Бүгінгі

«Шымырлық пен шеберлік» атты ұлттық ойындар жарысынан оқушылар мен қатысушы топтар үлкен әсер алды.



10. 🎉 Биші бүлдіршіндеріміз халықаралық өнер байқауынан жеңіспен оралды!!!

🌿 Дүбірлі дода наурыз айының 15 жұлдызында Ақтау қаласында ұйымдастырылды. Онда еліміздің барлық өңірінен жиылған өнерпаздар бақ сынаған. Биімен жылата да, қуанта да алатын "Жұлдыздар" би тобы халықаралық байқауда алғашқы кезеңде-ақ қазылар алқасының көңіліне жол тауып, бірден Гран-При жеңіп алып, Ташкент қаласында өтетіне келесі байқауға жолдама алды.

🔹 Өнерпаздарымызға алдағы байқауларда тек сәттілік тілеп, жеңіспен оралуына шын ықылас білдіреміз.

🌿 Өнерпаздарымызды жеңіс тұғырына жеткізіп, дайындықтар өткізген жетекшілеріне шын жүректен алғыс білдіріп, шығармашылық табыс тілейміз



11. 18-ші наурыз күні №7 мектеп-интернатының тәрбиеленушілері мен тәрбиешілері бірлесіп ұйымдастырған «Қош келдің, өз Наурыз!» атты мерекелік кеші өтті.

📌 Мақсаты: «Наурыз» мейрамы туралы түсінік беру арқылы қазақ халқының салт – дәстүрін көрсету және оны құрметтей білуге тәрбиелеу. Наурыз мерекесінің қазақ даласындағы орны, наурыз мерекесі туралы түсінік беру, Наурыз мерекесін ұлттық салт–дәстүрімізбен, әдет-ғұрпымызбен байланыстыра насихаттап, ұрпақтардың өз ұлтына деген сүйіспеншілігін арттыру.

📌 Мектеп басшысы П.Жұматова ізгі тілек жолдаумен бастаған думанды кеште салт дәстүрге сай шашу шашылып, балалар ән айтып, би биледі.

🌸 Тәрбиешілер сомдаған Алдар көсе, Қаңбақ шал, Дәу секілді қазақ ертегілерінің кейіпкерлері Наурыз айының татулық пен бірлік, кешірім мен көрісу мерекесі екендігін насихаттап, балалармен ұлттық ойындар ойнады, сондай-ақ тапсырмалар (салт-дәстүрге байланысты сұрақтар, қазақтың тыйым сөздері т.б.) орындатып көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.



12. Ағымдағы жылдың 18 наурызында 📅 №7 арнайы мектеп-интернатымыздың тәрбиеленушілері тәрбиеші апайларымен бірге өнер орталығында 🎭 "Ұлыстың ұлы күні - Наурыз мерекесіне" орай ұйымдастырылған "Қош келдің, Наурыз" қойылымын көріп қайтты. Ертегі әлемімен бірге салт-дәстүрімізді ұштастыра көрсеткен бұл қойылымды балалар көтеріңкі көңіл-күйде тамашалады.

🔹 Аталмыш қойылымды жоғары деңгейде ұйымдастыра білген 🎀 Облыстық өнер орталығына және 🌍 "Әдемі" балалар музыкалық театр-студиясы ұжымына өз алғысымызды білдіреміз!



13. 18 наурыз күні 21- наурыз - Даун синдромы бар адамдардың халықаралық күніне орай Тәрбие, спорт және қосымша білім беру орталығының ұйымдастыруымен арнайы білім беру ұйымдары арасында "Салауатты өмір - ана мен баланың ортақ жемісі" атты спорттық көңілді сайысқа мектеп-интернат тәрбиеленушілері Тұрдалы Жәнібек және Абзалқызы Назерке ата-аналарымен бірге қатысты.

🏆 Тұрдалы Жәнібек жүлделі I орын

🏆 Абзалқызы Назерке жүлделі III орынды иеленді.



№ 7 арнайы түзету мектеп-интернат директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Әлменбетованың 2024 оқу жылында I тоқсандық қорытынды есебі.

I. Мектеп-интернаттың 2024-2025 оқу жылына құрылған тәрбие жоспары бойынша жоспарланған іс-шаралар уақытында ай сайын орындалып отырды. Тәрбиешілердің күнтізбелік-тақырыптық жоспарларына енген тәрбие сағаттары, мерекелік іс-шаралар жоспарға сай жүргізіліп отырды.

2025 оқу жылының 4 тоқсанында оқушылармен атқарылған іс-шаралар мен ашық сабақтар.

1.7 арнайы түзету мектеп-интернатында тәрбиеші Нәлібаева Гулшари 8-9 сыныптар арасында "Мамандықтың бәрі жақсы» атты ашық тәрбие сағаты өткізілді.

Мақсаты: білім алушылардың мамандықтар туралы түсінігін кеңейту, өздері үшін маңызды мамандықтарды саралау.

✍ Сабақ басы «Ой қозғау» сұрақтарынан басталып сабақтың тақырыбы мен мақсаты айқындалды.

✍ «Сен білесің бе?», «Сөзжұмбақ» «Дұрыс па?бұрыс па?» тапсырмалары берілді. Алдағы он жылдықта сұранысқа ие болатын мамандықтар тізбесімен танысып, ой бөлісті.

✍ Сабақ соңында білім алушылар болашақ таңдайтын мамандығымен бөлісіп, мамандықтың бәрі жақсы екенін түсінді



2. Тәрбиеші Отаралиева Лирика 🎉 12 сәуір - Ғарышкерлер күні мерекесіне орай өткізілген тәрбие жұмысы.

🎉 Тақырыбы: "Мен ғарышкер боламын"

🎉 Мақсаты: "Ғарыш", "ғарышкерлер" туралы түсініктерін қалыптастыру және мағлұмат беру. Қазақ елінен шыққан ғарышкерлермен таныстыру. Сөздік қорын байыту, ойындар арқылы ойлау қабілеттерін дамыту.

Балалар ғарыш әлеміндегі ғаламшарлармен танысып, суреттерін құрастырып, әртүрлі ғаламшарлардың суреттерін бояп шығармашылықтарын дамытты. Ғаламшарлардың атауларын атай отырып, суреттерін қиып ғарыш әлемін бейнесін жасады. Балалар танымдық ойындарды қызығып, ептілікпен, шапшандықпен жұмыс жасап орындап шықты.

3. Тәрбиеші Боранбаева Айгүл 12 сәуір - Ғарышкерлер күні мерекесіне орай "Ғарыш әлеміне саяхат" тақырыбында ашық тәрбие сағатын өткізді.





Мақсаты: Балаларға ғарыш, ғарыштық ұшулар, ғарыш туралы түсінік беру. Қазақстанның тұңғыш ғарышкерлері туралы түсінік бере отырып, балалардың ғарыш әлеміне қызығушылығын арттыру; Ғаламшарлардың атауларын атай отырып, суреттерін қиып ғарыш әлемін бейнесін жасады. Балалар танымдық ойындарды қызығушылықпен ойнап, сабаққа жақсы көңіл күймен белсенділік танытты. Берілген тапсырмаларды түсініп орындады.



4. 14 сәуір күні «Арулар әлемі» жобасы аясында «Өрмек тоқи білесің бе?» атты шеберлік сабағы ұйымдастырылды. Шараның мақсаты қазақ халқының дәстүрлі өнерін, халық мұраларын қастерлеу, этномәдениетті, ұлттық өнерді дамытып насихаттау.

Шеберлік сабағын Ә.Тәжібаев атындағы облыстық кітапхана педагог-мамандары жүргізді. Халқымыздың ұмытылып бара жатқан мәдени мұрасы өрмек тоқу өнерін жаңғыртып, қазіргі заманымызға лайықты сапа, түр беретін өрмек түрін көрсетті.



5. Өнерпаз бүлдіршіндеріміз сәуір айының 20 жұлдызында Каренеева Гүлзира және Төлеп Шолпан жетекшелігімен халықаралық "Dance Battle" би байқауына қатысып, дүбірлі додада ерекше көрініп, жеңіспен оралды. Атап айтқанда:

"Жұлдыздар" би тобы Гран при ұтып алып, Дубай қаласына жолдама берілді.

"Жалын" би тобы I орынға ие болды.



6. Тәрбиеші Отаралиева Лирика 21 сәуір күні - "Ас атасы-нан" атты тәрбие сабағын өткізді.

Мақсаты: "Нан", "Нан-тамақтың атасы, Ынтымақ-көптің батасы" оқушылардың нан туралы түсініктерін кеңейту. Нанның дастарханға келетін жолы мен оған деген еңбегі туралы білулеріне әрекет жасау. Балалар үйден пісіріп келген нан (ақ, қара), бауырсақ, әртүрлі тәтті тоқаштарды қолмен ұстап, хош иісімен танысып, дәмін татты. Балалар танымдық ойындарды қызығып, ептілікпен, шапшаңдықпен жұмыс жасап орындап шықты.

7. 1-Мамыр- Қазақстан халықтарының бірлігі күні мерекесіне орай мектеп-интернат тәрбиешілерінің ұйымдастыруымен мерекелік жиын өткізілді.

◆ Мақсаты: Оқушыларға Қазақстан Республикасы әлемде ең алғашқы мемлекеттердің бірі болып сырттан келген басқа ұлт өкілдеріне алтын бесік болғандығын ұғындыру. Мерекеге тәрбиеленушілер арасында сурет көрмесі ұйымдастырылды. «Ынтымақ пен бірлік» тақырыбында балалар шығармашылығына ұстаздар тарапынан пікірлер айтылып, марапатқа ұсынылды, сондай ақ тақпақтар айтылып, би биледі. Жиын соңында «Ағайынбыз бәріміз!» әнін хормен орындаған балаларға қошемет көрсетіліп, қатысушылар мерекелік көңіл күймен тарқасты.



8. 29 сәуір күні ұлы Абайдың 180 жылдығына орай " Ұлы халықтың -ұлы Абайы " тақырыбында 9 сынып оқушыларымен сахналық қойылым сабақ өтілді.

◆ Оқушылардың сөйлеу, мәнерлеп оқу қабілеттерін, тіл байлықтарын, сөздік қорларын дамыту. Мейірімді, адал болуға, адамгершілікке, жаман әдептерден бойларын алыс ұстауға тәрбиелеу. Балалар Абай өмірінен шағын көрініс көрсетіп, әндерін айтып, өлеңдерін жатқа айтты. Балалар сабаққа қызығушылықпен қатысты. Сабақ соңында ата-аналар өз пікірлерін білдірді.



9. 9 сәуір күні 1-Мамыр -Қазақстан халықтарының бірлігі күні мерекесіне орай мектеп-интернат тәрбиешісі Абзиева Алма "Бірлік пен Жеңіс "тақырыбында эстафеталық сайыс өткізді.

◆ Мақсаты: Балалар арасында достықты, ынтымақты, дене белсенділігін арттыру және өзара қолдауды дамыту.

🎁 Сайысқа 8-9 сынып оқушылары қатысып, 3- топқа бөлініп, өз қабілеттерін сынады.

🏆 Сайыстың әр кезеңінде қатысушылар белсенділік танытты. Қазылар алқасының шешімімен қатысушы топтар келесідей номинациялармен марапатталды.

🏆 Сұңқар тобы- "Ең ұйымшыл топ"

🏆 Тұлпар тобы- "Ең белсенді топ"

🏆 Жігер тобы- "Ең жігерлі топ"



10. 1 Мамыр Қазақстан халқының бірлігі күніне орай “Бірлік біздің байлығымыз” атты ұлттық шеру өтті.

◆ Мақсаты: Балаларға ұлттар мен ұлыстардың достығын таныту. Ата-аналарды балалардың тәрбиесіне белсенді қатыстыру. Әр түрлі ұлттардың мәдениетімен, дәстүрімен, астарымен таныстыру.

🌈 “Ұлттық шеру”

1. Әр ата- ана мен баласы ұлттық киіммен сахнаға шығып, өз ұлтын таныстырды.
2. Тандалған ұлтқа байланысты, ән айтылды би биленді
3. Ата- аналар шағын ұлттық тағам ұсынды.

Мектебіміздің директоры Жуматова Перизат Алмашқызына сөз берілді. Қатысқан ата-аналар марапатталды.



11. Жыл сайын бүкіл әлемде 7 сәуір Дүниежүзілік денсаулық күнін атап өтіледі.

Денсаулық - әрбір адам үшін басты құндылық!

Дені саудың - жаны сау!

Дұрыс тамақтану және физикалық белсенді болу - өмір салты!

Мақсаты: балалардың денсаулық ұғымының құндылығы туралы түсініктерін кеңейту. Салауатты өмір салтын сақтаудың адам өміріндегі маңызын түсіндіру.



12. Мектебімізде Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай Отан үшін жанын берген боздақтарды еске алуға арналған «Ерлік-ел есінде» тақырыбында мерекелік іс-шара өткізілді. Шарада оқушылар ән айтып, патриоттық билер билеп, көрініс көрсетті.



13. 9 мамыр – Ұлы Жеңіс күніне орай 7 арнайы түзету мектеп-интернат оқушылары мәңгілік алауға барып, гүл шоқтарын қойды. Бұл – батыр бабаларымыздың ерлігіне деген шексіз құрмет пен тағзым белгісі.



14. Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында 8-9 сынып білім алушыларымен «Құқық бұзушылықтың алдын алу. Біз бәріміз теңбіз» тақырыбында құқық қорғау органдары қызметкерлерімен кездесу өткізілді.

✓ 10 аймақтық инспекторы М.Жұмабаев күн тәртібіндегі кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша кеңінен түсіндірме жасады.



15. 15 мамыр - халықаралық Отбасы күні. Халықаралық отбасы күні Қазақстанда 2013 жылдан бері атап өтіледі. Аталған күннің аясында түрлі сипаттағы іс-шаралар өткізіледі. Оқушылар мен ата-анала колледж мамандарына өз көкейлерінде жүрген сұрақтарын қойды. Колледж мамандары сауалдарға барынша түсінікті етіп жауап беріп, ата-аналар көңілінен шықты. Сонымен бірге колледж ғимаратын аралады. Балаларының білім алуына қолайлы жағдай жасаланғанын өз көздерімен көріп, танысты. Жалпы мазмұнды шара болды.



16. 1 маусым-Халықаралық балаларды қорғау күніне орай "Балдәурен балалық шақ" жоспар аясында "Өлкенің гүл жайнаған балғындары" тақырыбында мерекелік іс-шара өткізілді. Шара барысында балаларға арналған концерттік бағдарлама ұйымдастырылып, олардың көңілін көтеру үшін түрлі ойындар, ән-шашу және қызықты қойылымдар ұсынылды. Мерекелік көңіл-күй сыйлау мақсатында мектеп-интернат директоры Перизат Алмашқызы балаларға арнайы марапаттар мен сыйлықтар табыстады.



Жыл сайынғы жұмыс анализінің мазмұны барлық педагогикалық ұжымның жұмысы туралы түсінік беріп, қорытынды жасауға мүмкіндік жасайды: оқыту үдерісі жан-жақты зерттеледі; тексерілетін аспектілер бойынша шешімдер объективті; әрбір қаралатын мәселе бойынша кемшіліктер, проблемалар анықталып, оларды шешу жолдары белгіленеді. Мектептің жоспарлары, бағдарламалары негізделген, оларда нақты ресурстар, мүмкіндіктері мен салдары ескеріліп, жұмысты болжауда, жоспарлауда жүйелі тәсілдер қадағаланады.

Мемлекеттік рәміздерді қастерлеп, қасиеттеу үшін, алдымен мемлекеттік рәміздер туралы терең түсінік болуға тиісті.

Азаматтылық пен отансүйгіштікті, өз Отанына деген сүйіспеншілікті, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу, олардың мәні мен маңызын түсіндіру мақсатында, әр сыныптар тәрбие сағаттарында патриоттық минуттар өткізді.

Жоспарға сай қыркүйек айында «Қазақстан Республикасының Конституциясы күні» атты тақырыпта оқушыларды отан сүйеге, ата заңымызды қадірлеуге, туған еліне, жеріне деген сүйіспеншіліктерін арттыру, оқушыларды достыққа, адамгершілікке, саналылыққа, елінің мұрасын жалғастырушы азамат болуға тәрбиелеу мақсатында 1-9 сыныптар арасында бірыңғай тәрбие сағаттар өткізілді.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік рәміздерін зерделеу, насихаттау жұмыстары жүйелі түрде жоспарға сай оқу жылы ағымында орындалды.

Мектеп мұғалімдер мен тәрбиешілері және кітапханашы А.Ділдабекова оқушыларға рәміздер туралы мағлұматтар беріп видеолар көрсетті. Қазақстан Республикасы мемлекеттік рәміздерін зерделеу, насихаттау жұмыстары жүйелі түрде жоспарға сай оқу жылы ағымында орындалды.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Рәміздерін қолдануды насихаттау мақсатында 2024-2025 оқу жылына іс-шаралар жоспары әзірленіп, бекітілді. Қыркүйек айында 8-9 сынып оқушыларына, азаматтылық пен отансүйгіштікті, өз отанына деген сүйіспеншілікті, Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу, олардың мәні мен маңызын түсіндіру мақсатында, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Рәміздері туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді. 1-7 сынып оқушыларына сынып кабинеттерінде түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар әр дүйсенбі сайын 1 -ші сабақта Қазақстан Республикасының мемлекеттік Гимнімен бастау керектігі туралы да айтылды.

Мектеп ғимаратына кіреберістегі маңдайшалары талапқа сай және түнгі жарықтандыруы бар. Мемлекеттік рәміздер бұрышы да талапқа сай жасақталған. Жоспарға сай сынып жетекшілер «Мемлекеттік рәміздер - ұлттық мақтанышымыз» деген тақырыпта біріңғай тәрбие сағаттары өткізілді.

Бағдарламада ұсынылған әлеуметтік жобалар аясында мектеп-интернатта • «Қамқор» – әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру арқылы құндылықтарды дәріптеу. • «Еңбегі адал – жас өрен» – білім алушылардың әртүрлі мамандыққа деген қызығушылығын арттыру және еңбекқорлық идеясы арқылы құндылықтарды дәріптеу. • «Шабыт» – білім алушылардың шығармашылық әлеуетін ашу арқылы құндылықтарды дәріптеу. • «Ұшқыр ой алаңы» – тілдік дағдыларды дамыту және тақырыптық талқылау арқылы құндылықтарды дәріптеу. \* Оқуға құштар және мектеп және театр жобасы-шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында • «Балалар кітапханасы» – кітап оқуға және білім алуға қызығушылықты қалыптастыру.бағытында төмендегідей жұмыстар жүргізілді

«Театр сабақтары» жобасының жұмыс жоспары.  
2023-2024 ж.

Орындалу кезеңі	«Театр сабақтары» жобасы тақырыптары.	Жауаптылар	Өткізілу формасы
Қыркүйек	«Театр сабақтары» жобасының жұмыс жоспарын құру,бекіту.	ДТЖО	Бекіту
Қазан	«Ұрлық түбі қорлық»	Байлова Ж. Жанғозиев С.	Үстел үсті театры
Қараша	«Қоянның туылған күні»	Даубаева А. Дауітова А. Ибрагим А.	Мата театры
Желтоқсан	«Алтын сақа» ертегісі	Қожахметова К Жоламанова Ш. Махмутханова А	Ертегі қойылым
Қаңтар	Театр тылсым әлем	Уалиева Қ. Досжанова М. Ыдырысов Ж.	Кездесу
Ақпан	«Қуыршаққа арналған тәттілер»	Каренеева Г. Төлеп Ш. Абсадықова А.	Сахыналық көрініс
Наурыз	Төле бидің жылдығы «Тұғыры тұғыр еткен Төле би» театрландырылған көрініс	Боранбаева А. Кененбаева С. Каниева Л.	Сахыналық қойылым.

Сәуір	С. Көбеев.« Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш»	Майхиева Г. Қазыбаева Ж Ибраева И	Сахыналық қойылым.
-------	--	---	-----------------------

«Мектеп театр» жобасының жұмыс жоспары.  
2024-2025 ж.

Орындалу кезеңі	«Мектеп театр» жобасы тақырыптары.	Жауаптылар	Өткізілу формасы
Қыркүйек	«Театр сабақтары» жобасының жұмысын жоспарлау,бекіту.	ДТІЖО, Ерсатова Н,тәлімгер	Бекіту
Уақытында	Үйірменің шығармашылық іс-әрекеті: -қаламыздағы мәдени орындарына, театрға саяхат: -мерекелік, көпшілік іс-шараларға қатысу:	Топ,сынып жетекшілері	
Үнемі	Баланың үйірмедегі қарым-қатынасына қарай оның жан дүниесін зерттеу; - әңгімелер -ойындар арқылы дамыту	Топ,сынып жетекшілері тәрбиешілері	Түрлі ойындар
Қазан	Сахналық этикет деген не?	Нұрыллаева Л	Әңгімелеу, бейнеролик көрсету
Қараша	«Көңілді көкөністер мен жемістер»	Қазыбаева Ж. Майхиева Г.	Сахыналық көрініс
Желтоқсан	«Наурыз туралы аңыз»	Омарова Г. Ахметова Г Бисембаева Г	Үстел үсті театр
Қаңтар	«Дос болайық бәріміз»	Сағындықова А. Абзиева А.	Сахыналық қойылым.
Ақпан	«Әдептілік өзіңнен басталады»	Қаниева Л Есім И Ерсатова Н	Ролик түсіру
Сәуір	Театр әртістерімен кездесу.Театр майталмандары жайлы әңгіме, Театр жұмысының негізгі бағыттары Сахна мәдениетін қалыптастыру, сахна тілін дамыту	Жоламанова Ш. Нарманова Г.	Кездесу

N7 арнайы түзету мектеп интернатында, "Театр сабақтары"жобасы аясында ұйымдастырылған "Қоянның туылған күні"атты мата театры балаларға ұсынылды.

◆ Мақсаты:Балалар ертегі мазмұнымен танысады.Ойлау,есте сақтау,ауызекі сөйлеу тілі дамиды.Сахна мәдениетіне, өзіндік кейіпкердің көркем бейнесін ◆ сомдап үйренеді,шығармашылық қиялы дамиды. Достыққа,ұйымшылдыққа тәрбиеленеді.

◆ Балалардың киім үлгілері,сахна талапқай сай безендірілді.Кейіпкерлер өз рөлдерін керемет сахналап,қойылымға қызығушылықпен белсене қатысты. Қойылым барысында ойындар ойнатылып,әндер айтылды.



№7 арнайы түзету мектеп- интернатында

Ыбырай Алтынсариннің 180 жылдығына орай "Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш" тақырыбында ашық тәрбие сағатын өткізді.

Мақсаты: Ы.Алтынсариннің "Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш" әңгімесін оқып беру, мәтінін түсіне білуге үйрету. Сөйлем құрау, мақал-мәтелдер айту арқылы ойлау қабілеттерін, зейінін, қиялын, шығармашылығын дамыту. Балаларды үлкенді сыйлауға, адамгершілікке, еңбексүйгіштікке баулу.

Оқушылар үстел үсті театр мен қойылым көрсетті, сабаққа қызығушылықпен белсене қатысты. Ашық тәрбие сағатын ұйымдастырушы тәрбиешілер: Ж.Қазыбаева, Ж.Байлова

№7 арнайы түзету мектеп-интернатының тәрбиешісі Байлова Жанар 23 қазан күні «Ұрлық түбі-қорлық» (ертегі) тақырыбында ашық тәрбие сағатын өткізді.

◆ Мақсаты: оқушыларды адамгершілікке, ұрлық жасамауға, бір-біріне көмектесе білуге үйрету.

Тәрбие сағаты бойынша тақырыпқа байланысты мақал-мәтел айтып, мағынасын ашты. Ертегі қойылым қойылып ұрлықтың түбі-қорлық екенін түсінді.

◆ Бөтеннің мүлкін жасырын ұрлау (ұрлық)

◆ Бөтеннің мүлкін ашықтан ашық ұрлау (тонау)

сияқты жат қылықтардан аулақ болу керек екендігі түсіндірілді

Ертегі әлемі.

Ертегі-эрқашан да біздің балаларымыз үшін ауыз айтып жеткізе алмас ғажайып көрініс.

🏠 №7 Арнайы түзету мектеп- интернат тәрбиешілердің ұйымдастыруымен "Қызанақ қалай қызарды?" сахналық қойылым болып өтті. Сахна әр түрлі шарлардан жасалған жемістер мен көкіністермен безендірілді.

🍎 Мақсаты: Күз мезгілінің ерекшеліктерін түсіндіру. Күз өнімдерімен таныстыру, олардың ағзаға пайдасын түсіндіру.

Мерекелік көңіл күй орнату.

Балаларды ән салуға, би билеуге, сахналық қойылымдарға тарту. Шығармашылық ой-қиялдарының дамуына ықпал ету.

🍎 Сабақ барысы қыздарымыз " Мерекелік сыйлық " биімен билеп шықты. Содан соң көкіністерге арналып тігілген киімдерімен тақырып бойынша сахналық қойылымды тақпақ айту арқылы жеткізді .

Одан әрі қарай көрермен балалармен "Көкініс пе, жеміс пе?" Көкіністер мен жемістерді ажыратып, жинау.

🍎 Ойынның мақсаты: Балаларға көкініс пен жемістердің пішінін, түсін атау және ажырата білу.

Ертегі қойылымды балалар қызығушылықпен тыңдап қуанды және көкініс пен жемістердің адам ағзасына пайдасы бар екенін түсінді.



Майхиева Гулдана «Қуыршаққа арналған тәттілер» сахналық көрініс көрсетті. Мақсаты: Оқушылардың сөйлеу тілін машықтандыру және сахналық көрініске үйрету



Боранбаева Айгул «Тұғыры тұғыр еткен Төле Би» театрландырылған көрініс өтілді. Мақсаты: Оқушылардың ойын, тілін. Шығармашылық қабілетін дамыту. Адамгершілікке, елін, жерін қорғауға тәрбиелеу.

«Театр тылсым әлем» тақырыбында үстел үстін театры өткізілді, Мақсаты: Оқушыларды қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы ерлік күресімен, қол жеткен жетістіктерімен таныстыру. Театр мәдениетін үйрену.



«Дос болайық бәріміз» атты сахналық қойылым өткізілді. Мақсаты: Оқушылар арасында жағымды қарым қатынас орнату. Адал дос болуға және қоршаған ортамен дос болуға үйрету. Балалар достық жайында сахналық қойылым көрсетті.



**№7 арнайы түзету мектеп-интернаты  
«Еңбегі адал жас өрен» жобасы бойынша жылдық жоспар  
2024-2025 оқу жылы.**

**Жобаның әлеуметтік деңгейі: Еңбекқорлық**

**Мақсаты:** Білім алушылардың кәсіптік бағдарын анықтауға қолдау көрсетуді, өз міндетін адал және жауапкершілікпен атқаруға баулуды және еңбек адамын құрметтеуге үйрету.

№	Іс шара атауы	Мақсаты	Құндылығы	Мерзімі
---	---------------	---------	-----------	---------

1	«Күзгі асар» жәрмеңкесі	Білім алушыларға адал еңбектің маңыздылығын дәріптеу.	Кәсіби еңбекке баулу пән бірлестігі 5-9 сынып	Қазан
2	«Мамандық -тар әлеміне саяхат» колледждерге апару.	Мамандыққа деген қызығушылықтарын ояту, таңдай білуге бағыт беру.	Жоғарғы сынып, топ жетекшілері	мерзімінде
3	«Кім болам?»	Оқушылардың біліммен қатар бойларында қандай қасиеттер болуы керек, неге бейімделу керектігі жайлы білуі, ой бөлісу	Нұртазаева Ғалия	18.12.24ж
4	«Бұйым бөлшектерін біріктіріп»	Ұлттық құндылықтарымызды насихаттай отырып, балалар ға қазақ халқының қолөнер бұйымдарымен таныстыру.	Алмағамбетова Жанар	Қаңтар 16.01. 25ж
5	«Қол орамалдың жиегін қол тігісімен тігу»	Ұлттық мұра бастырма кестені жаңа заманға бейімдеу, әртүрлі өрнекпен композиция құрастыру.	Ережеп Эльмира	Ақпан
6	«Қалдық маталардан жасалатын ойыншықтар мен жастықшалар жасау» шеберлік сабағы	Оқушыларға жұмсақ ойыншықтар мен жастықшаларды тігу арқылы тігін дағдыларын жетілдіруге, өз ісіне жауапкершілікпен қарауға баулу.	Құдайбергенова Бибісара	Ақпан
7	«Жақсылық жасап жарысайық» ізгілік акциясы	Үлкендердің адал еңбегін дәріптеудің маңыздылығын кеңінен түсіндіру.	Каренеева Г Төлеп Ш	Ақпан
8	«Кесте тігу»	Оқушылардың өз еңбегінің бағасын түсінуге және болашақта	Құдайбергенова Б Асанова Г	Наурыз

9	«Өзінді мамандықтар әлемінде тап» Сыныптан тыс шара	кәсіпкерлікке бейімделуіне бағыт беру.  Болашаққа мақсат қоя білуге, мамандықты дұрыс таңдап, меңгеруге тәрбиелеу.	Нұртазаева Ғ Жоламанова Ш	Сәуір
10	«Менің гүлзарым» Көшет отырғызу 5-9 сыныптар	Табиғатты аялай білуге, әсемдікке, еңбекқорлыққа баулу.	Ідірісов Ж Әбенев Б	Мамыр

Президентіміз Қ.К. Тоқаев өз жолдауында «2025 жыл - Жұмысшылар жылы» деп атап өткеніндей 2025 жылдың 19 ақпан күні

№7 арнайы мектеп интернатының ұйымдастырумен жасалған "Еңбек адал, жас өрен" жобасы бойынша, "Жақсылық жасап жарысайық" атты қамқорлық бағытын қолдау мақсатында облысымыздың "Тазалық-көркейту" аясында жұмыс жасап жүрген аға, аналарымызға интернатымыздың балалары өз қолдарымен жасаған қолөнер бұйымдарын шынайы жүректерімен сыйға тартты.

- ◆ Балалардың жасаған ізгі- ниет өнегелі істеріне жұмысшы аға, апалар риза болып, алғыстарын білдірді. Осындай іс-шараны жүргізу барысында оқушыларымыз үлкендеріміздің адал еңбегін құрметтеп, дәріптеудің маңыздылығын кеңінен түсінді.



